

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматы қаласының әкімі
ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ
Жетісу ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жүздесу
24 ақпанда, сағат 9.00-де
«Айнабұлақ» шағынауданы,
65/1 мекенжайындағы
«Айнабұлақ» дене
шынықтыру-сауықтыру
кешенінде өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Жетісу әкімдігінің
Facebook парақшасынан
көруге болады.

ЭКОНОМИКА



«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

Биыл тұрғын үй
бағдарламасына
20 млрд теңге бөлінеді

22

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



«СҮРДІҢ АЙЫ» сұр көрсетгі

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.02.2023

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

24.02.2023

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №27 (6320) 23 ақпан, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖОБАЛАУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Сенаторлар Алматы қаласының
Бас жоспарын әзірлеудің жаңа тәсілдерімен танысты



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Парламент Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің депутаттары Алматы қаласының Бас жоспарының жобасымен танысты. Депутаттарға бас жоспарды әзірлеу тәсілінің басты жаңалығы – озық цифрлық технологиялар мен жобалаудың әлемдік тәжірибесін пайдалану болғандығы туралы айтылды. Сенаторларға сондай-ақ, құрылыс құрылымдарының жалпы жай-күйін алдын ала тексеру және бағалау үшін жылжымайтын мүлік объектілеріне паспорттау жүргізілгені туралы хабарланды.

2

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІ

ІРІКТЕУ РӘСІМІ

ақпараттық жүйеде онлайн түрде өткізіледі



Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Мемлекет басшысының Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру жөніндегі бастамасын табысты іске асыруда. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ведомство төрағасының орынбасары Азамат Жолманов хабарлады.

2

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшесі, «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының» директоры Талғат Қалиевті қабылдады.
- Президент «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэрді қабылдады.
- Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша наурыз айында жастарға жеңілдікпен микронеселер беруді бастау жоспарланып отыр.
- Сенатта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері туралы заң қаралды.
- Үкімет отырысында Қазақстанның елдімекендерін газдандыру барысы қаралды.
- Қазақстан Германияға 20 мың тонна мұнай жөнелтеді.
- Алматы прокуратурасы Ботаникалық баққа кіру билеттерінің бағасын төмендетті.
- Халықты жұмыспен қамту: 2023 жылы 950 мыңға жуық адам жұмысқа орналасады.
- 2023 жылғы ақпаннан қызмет көрсетудің проактивті форматында жастарды жұмыспен қамту пилоттық жобасы қолға алынды.
- Биыл жастарға жеңілдікпен микронеселер беру үшін 29 млрд теңге қарастырылған.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіп кешені саласындағы бизнес өкілдерімен кездесу өткізді. Жиында ауыл шаруашылығын дамытудың түйткілді мәселелері мен перспективалары талқыланды.

Кездесуде Президент былтыр ауыл шаруашылығы саласындағы өсім 9,1 пайызды құрағанын атап өтті. Оның айтуынша, егін бітік шығып, диқандар 23 миллион тоннаға жуық астық жинады. Сондай-ақ, егіс алқаптарын әртараптандыру және мол өнім беретін дақылдар өсіруге көшу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Майлы дақылдар өсіретін егіс көлемі шамамен 4 есе ұлғайып, 3,5 миллион гектарға жетті.

Сонымен қатар, Президент аграрлық саладағы бірқатар түйткілді мәселені ашық талқылау аясында қарастыруды ұсынды. Жиын барысында агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қаражат бөлу мен пайдаланудың тиімділігі, жер және су ресурстарын әділ бөлу мәселелеріне де ерекше назар аударылды.

Аграрлық бизнес өкілдері ауылдарда өмір сүру сапасын арттыру, жол-көлік және әлеуметтік инфрақұрылымның, оның ішінде мектептер мен балабақшалардың жағдайын жақсарту, сондай-ақ кадр даярлау қажеттігін атап өтті. Президент баяндамаларды тыңдап, Үкіметке айтылған барлық ұсынысты назарға алуды және кәсіпкерлердің пікірін ескере отырып, ауыл шаруашылығының жай-күйіне мұқият талдау жүргізуді тапсырды.

■ ПАРЛАМЕНТ

Сенат депутаттары Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің кеңейтілген отырысында «Әскери полиция органдары туралы» заңды қарады.

Заңның негізгі мақсаты – әскери полиция органдарының қызметін жетілдіру болып табылады. Онда әскери полиция органдарының міндеттері мен құзыреттерін, құрылымы мен өкілеттіктерін айқындайтын, сондай-ақ қазіргі кезде жүзеге асып жатқан функцияларды заңнамалық бекіту жөнінде өзгерістер көрсетілген. Заң әскери полиция органдары қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды қолдануын, сондай-ақ олардың жеке құрамы мен әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейді.

Жаңа құжат әскери полиция органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, ескерту, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ қамауға алу, әкімшілік қамауға алу және де әскери қызметшілерді қоғамнан уақытша оқшаулаудың өзге де шаралары түріндегі жазаны орындау бойынша міндеттерді жүктейді. Заң жобасы Палатаның қарауына жіберілді.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына айтылған тапсырмалардың орындалу барысын қарады.

Президент мемлекеттік қолдау шараларын алуға лайықты бәсекеге қабілетті шағын және орта кәсіпорындарды айқындау мақсатында мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларын ұсынуды реттейтін базалық өлшемдерді тиісті нормативтік құқықтық актілерге енгізуді тапсырды. Қазіргі таңда шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы жүзеге асырылып келеді. Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық шаралары сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау шеңберінде несиеленді және ішінара кепілдік беруді көздейді.

Сондай-ақ, жиын барысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында биыл 17 ақпанда Үкіметтің қаулысы қабылданғаны айтылды. Қаулыда Ұлттық жобаны іске асыру аясында мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларына өзгерістер енгізілген. Одан бөлек, еңбекақы қорының өсуі мен салық шегерімдерін ұлғайту үшін міндетті шарт қарастырылған. Сонымен қатар, жиынға қатысушылар «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында субсидиялау мерзімін 7 жылға дейін арттыру және сыйақы мөлшерлемесін саралау мәселесін талқылады.

■ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ

ҚР ЕХӘКМ: 2023 жылғы қаңтар айында көпбалалы отбасылар 33,1 млрд теңгеге жәрдемақы алды.

Бұл мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады. Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді. 4 баласы бар отбасыларға – 55 304 теңге; 5 балаға – 69 138 теңге; 6 балаға – 82 973 теңге; 7 балаға – 96 807 теңге; 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға – әр балаға 13 800 теңге мөлшерінде беріледі. Көпбалалы отбасыларға олардың табысын есепке алмай берілетін мемлекеттік жәрдемақы Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде көзделген табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың үш негізгі бағыты аясында енгізілген. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап балалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 8,5%-ға өсті.

■ БАС ПРОКУРАТУРА

Бас Прокурордың бірінші орынбасары Тимур Тәшімбаевтың төрағалығымен рейдерлікке қарсы іс-қимыл және кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау мәселелері бойынша ведомстваралық жедел кеңес өтті, деп хабарлайды Бас прокуратураның баспасөз қызметі

Мемлекет басшысы 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Бизнестің, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтірудің кез келген әрекеттері мемлекетке қарсы қылмыс ретінде қаралуы тиіс» деп атап өтті. Осыған байланысты кеңесте қылмыстың процесте бизнесті қорғау құқық қорғау және арнайы органдар жұмысының негізгі бағыттарының бірі болуға тиіс екендігі атап өтілді. Дәл осы салада кәсіпкерлер ең қатал қысымға тап болады. Рейдерлік ел экономикасының қалыптасуы мен дамуына теріс әсер етеді, кәсіпкерлік негіздерін бұзады, еліміздің инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. 2022 жылы құқық қорғау органдары рейдерлік фактілер туралы 19 қылмыстық істі тергеді (2021 ж. – 11). Тергеу нәтижелері бойынша сотқа 2 іс жіберілді (4). Елде осы санаттағы қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы жетілдіру бойынша шаралар жоспарлы түрде қабылдануда. 2011 жылдың қаңтарында рейдерлік үшін қылмыстық жауапкершілік алғаш рет енгізілді (бизнесті және мүлікті заңсыз басып алуға қарсы іс-қимыл туралы заңмен). 2021 жылдың шілдесінде Қылмыстық кодекстің 249-бабы осы қылмысты жасаудың жаңа тәсілдерімен толықтырылды. Осы бап бойынша жауапкершілік күшейтілді.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖОБАЛАУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Сенаторлар Алматы қаласының Бас жоспарын әзірлеудің жаңа тәсілдерімен танысты



(Басы 1-бетте)

Сенат депутаттары Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті басшысының міндетін атқарушы Ерлан Әлібековтің баяндамасын тыңдады. Ол жер

сілкінісі кезінде халықты іс-әрекетке дайындау жүйелі түрде жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Өткен жылдың 2 желтоқсанында жоспар бойынша мегаполистің 600 нысанында жалпы қалалық сейсмикалық жаттығу өткізілді және

КЕЗДЕСУ

МЕГАПОЛИСТІҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматыда Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті мен мемлекеттік органдардың өкілдері кездесіп, мегаполистің сейсмикалық қауіпсіздігін талқылады.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

«Біз 2016–2018 жылдардағы Алматы қаласының жылжымайтын мүлік нысандарын паспорттау бойынша жұмыс жүргіздік. Жер сілкінісіне шыдас бермейтін ғимараттарды қалай түзетуге болатындығы туралы ұсыныстар бердік. Паспорттау кезінде біз Жароков, Әуезов, Тимирязев, Гагарин көшелеріндегі жер сілкінісін модельдеп, тәжірибе жасап көрдік. Нәтижесінде ғимараттардың қаншалықты зардап шегетіні туралы экономикалық шығынды есептедік. Әр нысанды 7, 8, 9 балл жер сілкінісімен сынадық. Алматыда 100 мыңнан астам жылжымайтын мүлік бар, яғни 80%-ы тұрғын үйлер. Олардың бәріне сейсмикалық күшейту

бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу – артық шығын әрі бос байбалам. Біз жалпы талдау жасадық, егер сіз қаладағы әрбір ғимарат бойынша егжей-тегжейлі талдау жасасаңыз, онда төлқұжат кешіктіріледі. Мегаполисте қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан 5 тектоникалық ақау бар және оларда 1200 ғимарат тұр», – дейді «ҚазКСҒЗИ» АҚ Бас директоры Бегман Құлбаев.

Маманның айтуынша, ең алдымен сейсмоқұшейтулер апатты ғимараттарда жүргізіледі.

– Сейсмологтар жер астында не болып жатқанын бақылайтын адамдар, ал біз табиғи апаттар кезінде ғимараттардың қаншалықты төтеп бере алатынын зерттейміз. Жер сілкінісі кезіндегі әр қозғалыс ғимараттарға әртүрлі әсер етеді. Алматы аумағында жүргізіліп жат-

қан бақылаулар өте дұрыс, өйткені бұл нәтижелерді біз тұрғын үй салу кезінде қандай да бір жобаларды әзірлеу кезінде ескереміз, – деді спикер.

Ол сондай-ақ, Алматыда кейбір құрылыс нысандарын салу кезінде ғимараттарды тербететін арнайы жабдықтың көмегімен жер сілкінісіне төзімділікке көтергіш қабырғаларды дірілдейтін динамикалық сынақтан өткізетінін айтты. «Қазақстан» қонақүйі зілзалаға төтеп беретін бір ғана ғимарат емес екен, қалада бұдан басқа да тексеруден өткен бірқатар тұрғын үй кешендері зілзалаға шыдас беретінін көрсетті. Бұл – «Нұрлы тау» кешені, «Меғатауэрс» тұрғын үй кешені, Достық – әл-Фарабидегі тұрғын үй кешені.

«ҚазКСҒЗИ» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры Ералы Шоқбаров болат конструкциялары бар кірпіш қабырғалар сенімді емес екенін айтты. Өйткені, 9 балдық зілзала кезінде кірпіш үгітіліп, ал болат қабырғаны сындыруы мүмкін.

– Біз монолитті ғимараттарда да сынақтар жүргіздік. Ғимарат 6 балмен тербеледі, бұл ретте ғимараттың қирауын бейнестіруге жүргізіледі. Содан кейін олар 7, 8, 9 балл береді және әр кезеңде бейне түсіру жүреді, содан кейін құрылысшылар үшін жер сілкінісіне төзімділікті арттыру бойынша ұсыныстар беріледі. Олар осы шарттарды орындауы керек, содан кейін біз тексеру жүргізіп, ғимараттың сейсмикалық тұрақтылығын растайтын құжат береміз, – деп қорытындылады спикер.

■ ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВИ

ІРІКТЕУ РӘСІМІ
ақпараттық жүйеде онлайн түрде өткізіледі

(Басы 1-бетте)

Бұған дейін Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу 2019 және 2021 жылдары өткізілген болатын. Осы іріктеулердің нәтижесі бойынша 350 адам резервке алынды, оның 262-сі қазіргі кезде мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор ұйымдарына жұмысқа алынды. 28 резервші саяси мемлекеттік қызметте және 8-і «А» корпусының лауазымдарында қызмет етеді.

«2023 жылы кезекті іріктеу өткізіледі. Оның ерекшелігі – салалық мемлекеттік органдардың қажеттіліктеріне негізделетін болады. Осы бағытта агенттік тиісті

мемлекеттік органдармен бірлесіп, салалық кадрларға қажеттіліктерді айқындап, тиісті жұмыс жүргізетін болады. Іріктеу рәсімі арнайы әзірленген ақпараттық жүйеде онлайн түрде өткізіледі.

Бұл өз кезегінде жасына, жұмыс тәжірибесіне және біліміне сәйкес келетін елімізде және шетелде жүрген барлық азаматтарымыздың қатысуына мүмкіндік береді. 2019 және 2021 жылдары өткізілген іріктеуге сәйкес үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: олар жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар азаматтар болуы тиіс», – деді спикер.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



№17 сайлау округі бойынша Алматы қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Әміржан Әміржанұлы Нәбиевтің САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен Әміржан Нәбиев 1973 жылы Алматы қаласында дүниеге келдім. Осында №60 орта мектепте оқыдым. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де екі жоғары білім алып шықтым. Бір ұл, екі қыз тәрбиелеп отырмын.

Мен өмірімді құрылыс саласына арнадым. 2002 жылдан осы уақытқа дейін «Атрикс-Строй» құрылыс компаниясын басқарып келемін. Біздің компания тұрғын-үйлерден бөлек, Есік қаласында ат спорты кешенін, «Эдельвейс» балалар сауықтыру кешенін салып, Алматы қаласында «Мейірім» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған орталығын қайта жөндеуден өткізді.

Әрбір алматылық сияқты мен де әсем қаламыздың одан әрі көркейіп, өркендегенін қалаймын. Қалалық мәслихаттың бірнеше шақырылымының депутаты ретінде маған шаһардың өзекті мәселелері таныс.

«АМАНАТ» партиясының мүшесі бола отырып, күн сайын «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іс жүзінде іске асырып, біз халықпен тұрақты байланыста екендігімізді сеніммен айта аламын.

Жалпы қаланың экономикалық және әлеуметтік дамуындағы оң өзгерістерге қарамастан, әлеуметтік-экономикалық проблемалар өзектілігін жоғалтқан жоқ:

1. Экология мәселелері: ауаның ластануы, шеткі аумақтарды көгалдандырудың жеткіліксіздігі, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеудің төмен үлесі.

2. Қалалық ортаның сапасы: коммуналдық желілердің тозуы, су қорғау аймағында және тау бөктерінде құрылыс салу, көлік проблемалары (қоғамдық көліктің сапасыздығы, кептелістер).

3. Қызметтер сапасының төмендігі, білім беру және денсаулық сақтау нысандарының қолжетімді жерде болмауы.

Оларды шешу үшін қаланы дамыту жоспарына сәйкес бірқатар жақсы бағдарламалар қабылданған. Дегенмен, бұл мәселелер басымдық болып қала береді.

Қаламыз таулардың ортасында орналасқандықтан, кейде дұрыс ойластырылмаған құрылыстың кесірінен көлік түтінінің зиянды әсерінен құтылу қиын. Сондықтан көлік жағдайын, жанармай сапасын жақсарту

кажет, яғни барлық жүк және қоғамдық көліктер табиғи газға ауыстырылуы керек. Экологиялық таза көлік ретінде троллейбус паркін кеңейту керек деп санаймын.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша жоспарлы іс-қимыл жасау мақсатында қаланың тұрақты дамуы үшін қала тұрғындарының экологиялық сауаттылығын да арттыру қажет.

Сондықтан нақты бір жобалар аясында келесі шараларды жүзеге асыру керек:

Ауаны тазарту

- Ауа мониторингін жүргізу үшін қаланың әр жерінде автоматтандырылған бекеттерді орнату;

- Қоғамдық және жеке автокөліктерді экологияландыру, яғни:

- автобустар мен троллейбустар парктөрін жаңарту;

- газбен жүретін автобустарға арналған жаңа автобус парктөрін салу;

- жаңа автогаз толтыратын компрессорлық станциялар салу;

- коммуналдық және арнайы техниканы газға және электр қуатына ауыстыру.

- 2-ші Жылу электр орталығын газға ауыстыру.

Көгалдандыруға қатысты. Медеу ауданы бойынша алдағы 3 жылда 50 мыңнан астам ағаш отырғызуға қол жеткізу қажет. Бұл жұмыстар ауданның және жалпы қаланың экологиясына жағымды әсер ететініне сенімдімін. Тиісінше, біз әкімдіктің көгалдандыру жоспарларын орындау кезінде көшеттердің алып кетуіне мониторинг жүргізетін боламыз.

Сондай-ақ, арық желілері мен кәріздерін салу, өзен арналарын қайта жаңғырту есебінен суарудың кешенді жүйесін қамтамасыз ету жөнінде күш салу қажет.

Сонымен қатар, қаланың сыртқы келбеті мен санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту мақсатында магистральдық көшелер бойындағы қоқыс жәшіктерін жаңарту қажет. Есентай өзені бойымен Медеуге дейін абаттандыруды бақылауға алу керек.

Сенімді инфрақұрылым

Қаланың коммуналдық-шаруашылық

саласына келсек, электр желілерінің, сумен және жылумен жабдықтау желілері әбден тозған. 200 мыңға жуық алматылықтар орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізе алмай отыр.

Бұл жерде айта кетсем, алдағы бес жылда «Каменское Плато» шағынауданы тұрғындарын сапалы және үздіксіз коммуникациялармен, яғни сумен, кәріз желісімен қамтамасыз ету мәселесі өткір тұр.

Коммуналдық шаруашылық мәселесін реттеу үшін келесі міндеттерді орындау қажет деп санаймын:

- * Алдағы 5 жылда халықты орталықтандырылған сумен жабдықтауға 100% қолжетімділігін қамтамасыз ету.

- * 2027 жылдың соңына дейін жылу желілерін қайта құру.

- * 2027 жылға қарай шағын қалалық қазандықтарды жаңғыртуды аяқтау.

Біздің округ тұрғындарын үздіксіз электрмен жабдықтау үшін биыл сыртқы жарықтандыру желісінің құрылысымен, сондай-ақ, ауданның жоғарғы бөлігінде «Каменское Плато» және «Таулы Қырат» шағынаудандарының сыртқы жарықтандыру желісін қайта жаңғырту керек.

Ауаларда жайлы уақыт өткізу үшін тұрғындармен бірге аула ішіндегі аумақтарды абаттандыруды бақылауға алу керек. Сондай-ақ, сыртқы келбетті жақсарту, эстетикалық көрініс беру үшін үйлердің қасбетін ретке келтіруді қолға алу қажет. Яғни барлық сәндік сәулет элементтерін сақтай отырып, қасбеттің бастапқы көрінісін қалпына келтіру қажет.

Қолжетімді білім

Қала бойынша мектептерде оқушы орындарының тапшылығы 19 мыңнан асады. Ал балабақшаларда 1 мен 6 жас аралығында 43 мың бала кезекте тұр. Осы мәселені қолға алу керек.

Медеу ауданына келетін болсақ, бүгінгі күні №48 мектепті күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын, мұнда қосымша 250 орынға жапсарлас ғимарат салынып жатыр. Жаңа оқу жылына қарай №131 мектеп-лицейінің де күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарлануда. №99, №35 және №29 мектептерге әрқайсысы 300 орынды қосым-

Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат Ә.Ә.Нәбиевтің сайлау қорының қаражатынан төленді.



ша ғимаратпен жөндеу жоспарлануда. Одан бөлек, мен «Мектеп автобусы» қалалық пилоттық жобасын іске қосуға барынша қолғабыс жасаймын.

Сондай-ақ, барлық мемлекеттік мектептердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оның ішінде бейнебақылау жүйесі, өрт қауіпсіздігі, кіріп-шығуды бақылау және дабыл түймесі сияқты мәселелерді қолға аламыз.

Медеу ауданының мектепке дейінгі мекемелерінде де орын тапшылығы байқалады, 4 мыңнан астам бала кезекте. Бұл мәселені ескере отырып, жаңа мектепке дейінгі мекемелерді, оның ішінде жеке инвестициялар есебінен ашуға күш салу қажет. Биыл жобалық қуатын арттыра отырып, №112 балабақшаны күрделі жөндеуден өткізу қажет. Мемлекеттік білім беру тапсырысын жеке балабақшаларда орналастыруды жалғастыруға атсалысамын. Кітапханаларды шығармашылық даму орталықтарына айналдыру есебінен тегін шығармашылық үйірмелер мен коворкинг-орталықтар санын ұлғайту қажет.

Құрметті сайлаушылар!

Білім мен тәжірибенің, оның ішінде депутаттық қызметтегі тәжірибемді пайдалана отырып, мен №17 округқа қарасты Медеу және Бостандық аудандарының одан әрі өркендеуі үшін бар күш-жігерімді салуға дайынмын. Жоғарыда аталған мәселелерді мәслихат депутаттығына кандидат ретінде негізге ала отырып, қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін барынша күш саламын. Осы мәселелерді шешуде мен аудан тұрғындары мен активінің қолдауына үлкен сенім артамын. Баршаңызды азаматтық борышты орындап, сайлауға келіп, Мен үшін – Алматы қаласының болашағы үшін дауыс беруге шақырамын.

Нар тәуекел!

ЦИФРЛАНДЫРУ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Ильдар Үйсінбаевтың қатысуымен брифинг өтті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Онда мемлекеттік қызметке іріктеу қалай өтетіні айтылды. Спикер өз сөзінде Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанда мемлекеттік қызметтің қызмет көрсету сипатында болуы және артық бюрократиясыз жұмыс істеуі керектігін бірнеше рет атап өткеніне тоқталды. Бұл тапсырма Алматыдағы мемлекеттік мекеменің миссиясының негізіне айналды.

«Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету бойынша жаңа міндеттер жүктелді. Қазіргі таңда осы мәселелер аясында заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізілді. Сонымен, мемлекеттік қызметке қабылдау және қызметтен босату кезіндегі әкімшілік кедергілерді жою мақсатында заңнамаға жоғары оқу орындарының үздік түлектерін аудан және ауылдағы төменгі лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тағайындау, жоғары лауазымдарға тікелей тағайындау, уәкілетті органның келісімімен «Б» корпусы мемлекеттік қызметкерлерге тоқсан сайын баға беруге көшу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді», – деп атап өтті И.Үйсінбаев.

Тағы бір маңызды мәселе – кадрлық құжаттаманы цифрландыру, «Е-қызмет» жүйесін жаңғырту арқылы мемлекеттік қызметті цифрландыру болды. Айта кететін жайт, Алматыда мемлекеттік қызметте 4 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Қалада бұрынғыдай қызметкерлердің орташа жас шегі – 35 жас, сондай-ақ гендерлік теңдік қағидасы сақталады. 2022 жылы мемлекеттік қызметтен кеткен қызметкерлердің пайызы төмендеді. Барлық мемлекеттік қызметкердің Мемлекеттік басқару академиясында оқудан және қайта даярлаудан өтіп, кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндіктері бар.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

МӘМС

САҚТАНДЫРУ ШЫҒЫНДЫ ЕДӘУІР АЗАЙТТЫ

Алматыда 2022 жылы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен көрсетілген қызметтерге 117,3 млрд теңге жұмсалды. Бұл туралы брифингте Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев хабарлады.

Спикердің айтуынша, жыл сайын медициналық сақтандыру есебінен кардиохирургия, нейрохирургия, урология, травматология, онкология, хирургия және тағы да басқа профильдер бойынша жүздеген операция жасалып жатыр. Бір ғана күрделі отаның құны орта есеппен бірнеше миллион теңгеге жетіп жығылады.

«2022 жылы Алматы қаласында 1539 кардиохирургиялық операция жасалып, оған 7,1 млрд теңге төленген. Сонымен қатар, 2,7 млрд теңгеге 534 нейрохирургиялық операция жасалған. Тағы 2,2 млрд теңгені МСҚ лор-профилі бойынша жасалған 330 операцияға жұмсады», – дейді Тілеухан Әбілдаев.

Бүгінде артроз, артрит сынды буын ауруларының көбеюіне байланысты тізе, жамбас буындарын алмастырушылар саны күрт артып отыр. 2022 жылы алматылық травматологтар осындай



4270-тен астам операция жасады. Оған МСҚ 5,6 млрд теңге төледі, – дейді филиал басшысы. Сонымен қатар, жалпы құны 476 млн теңгеден асатын 64 трансплантация жасалған, оның ішінде 27 бүйрек-бауыр алмастыру операциясы да бар.

Тағы бір айта кетерлігі, қор 2023 жылдан бастап стоматологиялық клиникалармен тікелей келісім-шарт бекіте бастады.

«Бұрын стоматологиялық қызмет көрсету туралы келісім-шарт емханалар арқылы жасалатын. Яғни стоматологиялық клиникалар емханалармен субмердідерлік келісім-шарт арқылы жұмыс істейтін және халыққа көрсетілген стоматологиялық қызметтің санын емханалар қадағалайтын. Емхана жұмысының көптігінен бұл процесті бақылау

қиындық тудырып келді. Салдарынан стоматологиялық клиникалар тарапынан көрсетілмеген қызметтерді «көрсетті» деп жазу фактілері де кездесті. Сондықтан қор осындай олқылықтардың алдын алып, қызмет көлемі мен сапасын бақылау мақсатында келісім-шартты тікелей жасау туралы шешім қабылдады», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Оның айтуынша, стоматологиялық клиника көмегіне жүгіну үшін емханадан жолдама алудың қажеті жоқ. Алдымен қормен жұмыс істейтін тіс клиникаларын нақтылап алу қажет. Олардың тізімімен МСҚ fms.kz ресми сайты арқылы танысуға болады. 2023 жылы Алматыда 70 медицина ұйымы стоматологиялық қызмет көрсетеді, олардың арасында емханалар мен жеке меншік клиникалар да бар.

Естеріңізге сала кетсек, шұғыл стоматологиялық көмек балалар, жүкті әйелдер, ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер, мүгедектер, балалық шактан мүгедек және I топ мүгедегін күтушілер, «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналарға, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, жоспарлы стомкөмек 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдерге көрсетіледі.

«Бір қарағанда, мұның бәрі жай ғана цифр болып көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, сақтандырылған азаматтардың қалтасынан шығатын шығын едәуір қысқарып, олар осыны қызметті тегін пайдаланып отыр», – деп сөзін қорытындылады Тілеухан Әбілдаев.

Айнұр СЕМБАЕВА.



КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ

Еліміздің кәсіпкерлері соңғы бірнеше жылдан бері мемлекет тарапынан жүйелі ұйымдастырылған қамқорлықты сезініп келеді. Бүгінде цифрландыру мәселесі алға озған заманда кәсіпкерлердің құқығын қорғау да әжептәуір жеңілдей түсті.

ҚҰҚЫҒЫН
ҚОРҒАЙ АЛАДЫАйнұр
СЕНБАЕВА

Кеше мегаполисте Алматы қаласы прокуратурасының өкілдері мен Кәсіпкерлер палатасының кезекті кездесуі өтті. Жиынға түрлі саладағы кәсіпкерлер де қатысты. Басқосу барысында «Кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын мобильді топ» жобасы таныстырылды. Мобильді топтар бұрыннан жұмыс істейді, енді бұл топтардың жұмысы оңтайландырыла бастады. Бұл жобаның көмегімен кез келген кәсіпкер өзінің бизнесін түрлі мемлекеттік органдардың заңды, заңсыз тексерулерінен қорғай алады.

Өткен жылы қыркүйек айында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Райымбек Баталов пен ҚР Бас прокуроры Берік Асылыов бірлесіп, еліміздегі бизнесті қорғауға бағытталған меморандум қабылдаған болатын. Сол меморандум негізінде бүгінгі жоба жүзеге асырылып отыр.

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының төрағасы Әуез Тайымбетовтың айтуынша, қазіргі жаһандану заманында кәсіпкерді қашықтан-ақ бақылап, құқығын қорғауға болады.

«Біздің палатаның басты мақсаты да, міндеті де кәсіпкерге барынша қолдау көрсету, мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру, бағыт беру, өзгеріп жатқан заңнамалардан хабардар ету. Ал енді заңдық жағынан алар болсақ, кәсіпкердің құқығын қорғау»

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Мегаполистің магистральдық және аудандық маңызы бар көшелерінде жөндеу жұмыстары жүргізіледі және ол қаланың барлық ауданын қамтиды.

ЖОЛ САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

Алматыда жолдағы шұңқырларды жамау жұмыстары басталады

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала тұрғындары өтінішіне орай, Алматы әкімдігі асфальтбетон зауытының жұмысын мерзімінен бұрын іске қосуға мұрындық болды.

Алматы қалалық мобильділік басқармасы, «Асфальтбетон-1» зауыты мен жолдарды жөндеуге маманданған компаниялар өзара

ды да өз борышымыз деп санаймыз. Сол үшін қазіргі цифрлық өркениеттің құралын барынша пайдалануға тырыстық. Әдетте кәсіпкерлер мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің көптеген тексерістерінен мезі болып жатады.

Мысалы, ұйаралық дүкендерді, өндіріс орындарын, саудаттық нүктелерін, қоғамдық тамақтану орталықтарын, кеңселерді Ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, санитарлық эпидемиологиялық орталықтардың өкілдері, басқа да мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері беймезгілде еш себепсіз тексере береді, мониторинг жасайды, құжаттарын талап етеді. Осындай тексерістердің қаншалықты заңды-заңсыз екенін кәсіпкер біле бермеуі мүмкін. Осындай жағдайда олардың бүгін біз таныстырып отырған QR арқылы көмек алуына мүмкіндігі бар. QR-ға өзінің ЖСН нөмірін немесе БИН енгізіп, тексерушілердің фотосын, видеосын жүктей алады. Небәрі 30 минуттың ішінде арнайы мобильді топ тексерушілердің әрекеті қаншалықты заңды немесе заңсыз екенін анықтап, тиісті шара қолданады», – дейді Әуез Бағбанұлы.

Кәсіпкерлер палатасы мамандарының айтуынша, мобильді топтарға кәсіпкерлерден үнемі хабарламалар түсіп тұрады. Мысалы, 2022 жылы Алматы қаласы кәсіпкерлерінен мобильді топқа 30-дай «сигнал» түскен. Кәсіпкерлердің барлық мәселесі жеке-жеке назарға алынып, мәселесі шешілді.

Айта кетейік, асфальтбетон қоспасын қолдана отырып, жүргізілетін жөндеу жұмыстары ақаулар анықталғанына қарай қаланың барлық ауданында жүргізіледі. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі аясындағы жұмыстарға 5 компания кіріседі.

Қала әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, негізгі жол жөндеу жұмыстары көктемнің соңында, ауа райы қолайлы болған

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

МАҢЫЗЫ ЗОР ШАРА

Мегаполисте мекемелер мен базарларда болған өрт оқиғасы тіркелуде. Сондай жағдайлардың алдын алу мақсатында ТЖД қызметкерлері қажырлы еңбек етуде. Апатты жағдайлардың алдын алу мақсатында «Азаматтық авиация академиясы» АҚ жер сілкінісі мен өрт кезіне дайындық үшін жоспарлы сейсмикалық жаттығу жүргізеді. Осы жолы да студенттерді жатақхана ғимаратынан эвакуациялап, түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері апат кезінде не істеу керегін және қай жерге бой тасалауға болатынын түсіндірді.

«Бүгін ЖОО қабырғасында оқу-жаттығулар жұмысы жүргізілді. Яғни өрт кезінде студенттерді қауіпсіз аймаққа алып шығудың жолдарын көрсеттік. Төтенше жағдай орын алғанда жан сақтау мақсатында қандай шаралар атқару керектігін атап өттік. Адам көп шоғырланатын орындарда және осындай нысан-

дарда оқу-жаттығу шараларының өтуі – міндет. Себебі, оқыс жағдай туындай калғанда дереу қандай әрекетке көшу керектігінен хабардар болады. Апат айтып келмейді. Сондықтан сақтық таныту – қауіпсіздікті күшейтумен тең», – дейді ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау капитаны Әнуар Қалимолданов.

Мұндай іс-шара төтенше жағдайларда эвакуациялау кезінде жатақханада практикалық дағдыларды игеру және жетілдіру, құтқару жұмыстарын жүргізуге да-

йындық жасау үшін өткізіледі. Аталмыш шара студенттерді төтенше жағдайлар кезінде практикалық іс-әрекеттер мен дұрыс мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында өткізіліп отыр.

«Өрт сөндіру қондырғылары – өрт сөндіргіш құралдарының жиынтығы. Өртті сөндіру бойынша нәтижелі жұмыс істеу үшін объектінің сипаттамаларын білу және сөндіру құралдары мен заттарды дұрыс таңдау қажет. Төтенше жағдайдың алдын алу үшін осындай оқу-жаттығулардың маңызы зор. Осылай кенеттен орын алған өрттен адамдарды аман алып қалуға мүмкіндік болады. Алдағы уақытта әр ауданның ТЖД қызметкерлері оқу-жаттығу жұмыстарын өткізеді. Осылайша барлық ЖОО орнында өткізіліп, студенттерге түсіндіру жұмыстары жүргізіледі», – дейді Азаматтық авиация академиясы, авиациялық қауіпсіздік және бақылау бөлімінің басшысы Наиль Жұмартов.

Жаттығу сценарийі бойынша жатақхананың екінші қабатында орналасқан бөлмелердің бірінде өрт шығып, одан әрі іргелес аумаққа тараған. Ары қарай студенттерді анықтап, өрт сөндіру қызметіне хабар беріп, ғимараттан адамдарды эвакуациялауға кіріскен. Өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері іште қалған адамдарды құтқарып, олардың өмірін сақтап қалу үшін барын салды.

«Азаматтық авиация академиясы» АҚ студенттері осылай шартты жер сілкінісі және шартты өрт кезінде: «Жер сілкінісі кезіндегі іс-қимылдар» және «Өрт кезіндегі іс-қимылдар» практикалық іс-шарасын өткізді. Жағдайдың шынайылығы үшін оқу-жаттығуда түтіндету құтысы қолданылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

ЖАРЫС АЛАҢЫНДА – ЖАСӨСПІРІМДЕР

Алматыда Олимпиада чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері Ермахан Ыбырайымовтың жүлдесі үшін бокстан халықаралық турнир өтіп жатыр.

Ақтолықын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

5 күнге созылған турнирге Кыргызстан, Моңғолия, Өзбекстан, Ресейден және еліміздің барлық облыстарынан 250-ден астам былғары қолғап шебері келді. Ең мықты боксшылар бокстан жасөспірімдер арасындағы Қазақстан құрама командасына қабылданады. Сондай-ақ, Азия чемпионатына жолдама алады. Әр салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаз атанған спортшыға спорт шебері атағы беріледі.

«5 жылдың ішінде осы турнирде көп қыздар өсті. Азия чемпионы болды. Биыл қараймын, спортшыларымыздың сапасы да, саны да өсіп келеді. Жыл сайын көршілес мемлекеттерден қатысушылар келіп қосылуда. Осындай жарыстардың арқасында жастарымыз өседі, өнеді, жеңіске жетеріне сенімім мол. Қыздарымыздың дайындығы жаман емес. Өздерінің күшін ортаға салуда. Әр спортшымызға арттар үмітіміз мол», – дейді бапкер, төреші Жәнібек Құлнязов.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҒҰЛЫ.

Шетелден келген бапкерлер қазақстандық былғары қолғап шеберлерінің дайындығы мықты екендігін атап өтті. Аталған 4 елден 50 шақты спортшылар қатысып, шеберліктерін шыңдады.

«Ресейдің әр аймағынан чемпион болған 10 боксшы қызымызды алып келдік. Жарыс өте қызу өтіп жатыр. Әр ел өздерінің ең мықты деген бұрымдыларын алып келіпті. Алдағы уақытта осындай жарыстар ұйымдастырылса, шетелдің спортшылары бір-бірімен тәжірибе алмасар еді. Қарап отырсам, қазақ қыздарының дайындықтары мықты, бет қаратар емес. Оларға лайықты қарсылас болып, жүлделілердің қатарынан көрінеміз деген сенімдемін», – дейді ресейлік бапкер Аршлем Николай.

Марапаттау 25 ақпан күні өтеді.

Еске салайық, Ермахан Ыбырайымовтың жүлдесі үшін бесінші рет турнир өткізіліп отыр. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жарыстар жас спортшылардың тәжірибе жинақтауына зор үлес қосады.

«Жарыстың мақсаты – Қазақстан Республикасының ең мықты спортшыларын анықтау. Сондықтан бұл турнирдің деңгейі өте жоғары дер едім. Жарыстың негізгі бағдары – бұл саламатты өмір салтын насихаттау, бокс спортын дәріптеу. Еліміздің боксшы қыздары көпшілікті өзіндік шеберлігімен таңқалдыруда. Олар жай ғана жеңіске жетіп қойған жоқ, оған қоса шабуылдай жүріп ұрыс салатын ерекше мәнер көрсетті», – дейді бокстан Олимпиада чемпионы Ермахан Ыбырайымов.

іс-қимыл туралы меморандумға қол қойды. Құжатқа сәйкес, зауыт жыл сайын жүргізілетін жоспарлы профилактикалық жұмыстан кейін бірден іске кірісті.

кезде басталады. Биыл ұзындығы 200 шақырым болатын 220 көшеге орташа жөндеу жүргізу жоспарланған. 180 мың шаршы метрден астам жол жөнделеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматы қаласындағы көше-жол желісінің ұзындығы – 3096 шақырымды құрайды.
- Биыл 220 көшеге орташа жөндеу жүргізілмек.
- 180 мың шаршы метрден астам жол жөнделеді.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Биыл көктем ерте келетін сыңайлы. Мұны қазірдің өзінде сай-саланы басқан қар суынан да байқауға болады. Осыған орай, Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарға алдағы күндерде қар көшкіні болу қаупінің бар екенін ескертеді.

ҚАРДАН КЕЛЕР ҚАУІП БАР

Табиғат «тамыр-шылары» да биылғы жылы тырналардың тым ерте келгеніне қарап, күннің бірден жылынып кететінін айтады. Шынымен де, қалада көктемнің лебі есіп, күн едәуір жылынып қалды. Қыстан қалған қатқақ қарға дейін еріп, сай-сала суға толды. Тіпті, ақпанның өзінде еріген қардың суы шалшықтан «көлшікке» айналды. Қазіргі кезде қалада қалың қар жатпаса да, таулы аймақтың қары әлі де қалың. Бұл ретте қалалық Төтенше жағдайлар департаменті өкілдерінің ескертулеріне құлақ түріп, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтаған жөн. Тауға шығып, таза ауамен тыныстағысы келетін қалалықтардың дәл осы кездерде тауға шығудың аса қауіпті екенін естен шығармағаны жөн.

– Тауда қар еріп, табиғат тосын мінез танытуы әбден мүмкін. Әсіресе, еріген қардан Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің суы тасып, қар көшкіні болу қаупі байқалады. Қатердің алдын алып, сақтанғандарыңыз жөн. Дәл қазір тік қарлы беткейлерге шығуға еш болмайды. Өздеріңізді, жақындарыңызды сақтаңыздар! – дейді қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

АБАЙЛАҢЫЗ, САМОКАТ!

Шаһарда халықтың ыңғайлы жүріп-тұруына жан-жақты жағдай жасалып жатыр

Қар көбесі сөгіліп, жер қарайғаны сол еді, самокаттар көбейе бастады. Өйткені, қала көшелерінде дәл осы екі дөңгелекті көлікке мініп алған үлкенді де, жасты да жиі кездестіретін болды.

Қазір көпшілік көлік кептелісінде тұрып уақыт жоғалтқаннан гөрі, кедергісіз жүйткітін самокаттарды пайдаланғанды құп көреді. Бұл тізімге велосипедтерді де қосуға болады. Алматыда аталмыш көліктердің қызметін ұсынатын арнайы кикшерингтік компаниялар жұмыс істейді. Өткен жылы қала әкімдігі мен самокаттарды жалға беру қызметін ұсынатын кикшеринг компаниялар операторлары арасында өзара түсіністік пен серіктестік туралы меморандумға қол қойылған. Бірінші кезеңде белгілер Достық, Абай, Назарбаев даңғылдары, Гоголь көшесінің бойына орнатылып, кейін қаланың жүктемесі мейлінше жоғары бөліктерін қамту жоспарланған болатын.

Мамандардың айтуынша, арнайы белгілердің жасалуы қала тұрғындарына жалдамалы самокаттарды жаяу жүргіншілер мен көліктерге кедергі келтірмейтін орындарға қалдыруға мүмкіндік береді. Мамандардың айтуынша, кейінгі кезде Алматы тұрғындары арасында велосипед, электрсамокаттар сатылымы әлдеқайда артқан. Шаһар билігі бұл қаладағы веложолдардың, велосипед дәлізінің жақсаруымен байланыстырып отыр.

Деректерге сүйенсек, бүгінде шаһарда 79,2 шақырым вело-

инфрақұрылым салынып, қала халқының ыңғайлы жүріп-тұруына жағдай жасалып жатыр. Мәселен, жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында веложолдарды автокөліктердің жүріс бөлігінен бөлу үшін бірқатар көшелердегі жаяу жүргіншілер жолы қайта жасалды.

Өкініштісі, сағатына 40-тан 70 шақырымға дейін қозғалатын ыңғайлы да, шағын көлікті пайдалану ережелерін, онымен дұрыс қозғалудың қыр-сырын көпшілік біле бермейді. Кез келген жерде, жолдың ортасына, тротуарларға тастап кете береді. Ал бұл жаяу жүргіншілерге кәдімгідей кедергі. Сондықтан бұл көлікке балаларын арбамен сүйрейтін аналар мен қарттар қарсы.

Өйтпесе, заманауи көлік жол жүру ережесін қатаң сақтайтын болса, пайдалы-ақ. Ең бастысы, уақыттың үнемдейді, яғни баратын жеріне кептеліссіз, жылдам жеткізеді. Қарапайым, жеңіл, көп орын да алмайды. Ал егер электрлі самокатты өзіңіз сатып алсаңыз, онда тіпті жақсы. Көлігіңізді шамамен бес сағаттай қуаттап алып, 45 шақырымға дейін жол жүруіңізге болады. Арнайы қосымша орнату арқылы көлігіңіздің қуат күшін, жылдамдығын бақылап

отыруға болады. Ал қараңғы түскенде қауіпсіздік мақсатында электрсамокаттың артында арнайы түрлі-түсті жарық жапсырмасы болуы тиіс. Егер жолда келе жатқанда электрсамокаттың қуаты таусылып қалса, онда электрсіз, кәдімгі самокат ретінде пайдалана беруге болады.

Шетел тәжірибелеріне көз жүгіртсек. Мәселен, Еуропада баламалы көліктер үйреншікті транспорт түріне айналып үлгерген. Тіпті, мемлекеттік және аймақтық дәрежедегі заңдар да қарастырылған. Францияда самокаттардың жүру жылдамдығы сағатына 25 шақырымға дейін шектелді. Ал Литвада темір тұлпардан бас тартып, экологиялық таза велосипед, скутер немесе самокатқа ауысқандарға арнайы субсидия бөлінеді екен.

Біз де бұл көлік түрлері қарапайым әрі қала экологиясына өзіндік үлес қосатын көлік түрлеріне айналып жатса, құба-құп. Ол үшін бізге тек қана жолдағы ережелерді қатаң сақтау керек. Өйтпесе, елімізде сағатына 80 шақырым жылдамдықпен жүретін самокаттар бар. Бірақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, олар жол қозғалысына арналған техникалық құрал болып табылмайды. Яғни жол қозғалысы туралы заң бойынша самокат сияқты көлік құралы жоқ. Бүгінгі күні электрсамокаттарға жолдар мен трассаларда жүруге үзілді-кесілді тыйым салынған.

Әзірлеген
Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

ЭКОЛОГИЯ

Урбанизация қарқынды дамыған уақытта жұртшылық үшін үлкен қалалардың рөлі арта түсті. Бүгінде түрлі деңгейдегі құрылыс саны артып, уақыт өте келе қоғамдық көліктердің түр-түрі шықты. Деректерге сүйенсек, қазіргі таңда әлемдегі ең ірі метрополитен желісі Нью-Йорк, Лондон, Париж, Токио, Мәскеу, Чикаго, Сан-Франциско, Бостон, Берлин және Гамбург қалаларында орналасқан. Онда кейбір шаһарлардағы жол ұзақтығы бірнеше жүз шақырымды алып жатқаны айтылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыдағы экологиялық жағдай көлік жүйесін дамытудың жаңа нұсқаларын іздеуге мәжбүр етеді. Осыған байланысты қазір аспалы жолдарды құру мәселесі кеңінен талқылануда. Алматы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Гүлмира Байғабұлованың пікірінше, жерүсті көлігі мегаполисте перспективалы көлік құралы бола алады.

– Алматының аумағы жыл санап ұлғая түсуде. Осыған орай қаланың барлық инфрақұрылымы әрбір тұрғынның мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып жобалануы тиіс деп санаймын. Табиғи саябақтар, тау бөктері мен таулар – Алматының басты көрікті жерлері. Сондықтан осы жерлерге, соның ішінде өз көліктері жоқ алматылықтарға ыңғайлы әрі жылдам жетуге мүмкіндік беретін жерүсті көліктерін дамытудың маңызы зор. Егер қозғалыстың бұл түрін тартымды етіп ойластыратын болсақ, қала тұрғындары өздері-ақ көліктерін тұрақта қалдырып, тау бөктеріне саяхаттайтын еді, – дейді қоғамдық кеңес мүшесі.

Гүлмира Байғабұлова тау бөктері мен таулы жерлерде джип секілді үлкен көліктерінің айналасында отбасылық пикниктер ұйымдастырып, тіпті, сол таулы аймақтардағы өзендердің жағалауында көліктерін жуып жататын азаматтарды жиі байқауға болатынын айтады. Қоғамдық



кеңес мүшесі шаһарда көлік санының күн санап артып келе жатқаны қала экологиясына орасан зор зиян әкеледі, сондықтан экологиялық таза көлік түрлерін дамыту қажеттілігі бүгінгі күні өзекті дейді.

– Мұнда ешкім әуе жолдарын қала көшелерінің үстінен жүргізуді ұсынып отырған жоқ. Әңгіме, көпшілік жұмыстан кейін демалуға немесе әдеттегі отбасылық демалыс күндерін қызықты сапарларға айналдыруға болатын жерлеріне тез жетудің жолдарын қарастыру туралы. Мәселен, сіз тауға бару үшін кептелісте уақыт жоғалтқыңыз келмейді ғой. Жолдың машақаты шаршағанын білетін біраз жұрт әдемі жерлерге барудан осындай кедергілері үшін бас тартып жатады, келісесіз ғой?! – дейді Гүлмира Байғабұлова.

Қоғамдық кеңес мүшесі Алматы мен табиғи аймақты байланыстыратын маршруттар бойынша аспалы жол жүргізуді ұсынып отыр. Оның сөзінше, мұндай әуе маршруттары қала тұрғындарына көліктерін автотұрақтарда қалдырып, панорамалық кабиналарда тау бөктерлеріне еш кедергісіз жетуге мүмкіндік береді.

– Бұл бүкіл отбасы үшін қызықты

саяхат болары сөзсіз. Өйткені, сіз біріншіден, аспалы жол арқылы қаладан жоғары көтерілесіз. Екіншіден, Алматының панорамасын, табиғи сұлулығын, тау шыңдарын алаңдағандай көре аласыз. Табиғат аясында әдемі фотосуреттер түсіруіңізге мүмкіндік артады. Қысқасы, тамсанбауға болмайтын сұлулықтан ерекше эсер аласыз. Қорыта айтқанда, кез келген алматылық хәм саяхатшы Алматыдағы әдемі жерлер туралы білімін дамытады. Мұндай бағыттар ішкі және сыртқы туризмді дамытуға ықпал етеді деп ойлаймын, – дейді ол.

Гүлмира Байғабұлованың пікірінше, бірінші бағытты Орталық стадионнан, Байтұрсынов көшесінен, «Медеу» базалық станциясына дейін, ал екінші бағытты Тұңғыш Президент саябағынан, Навои көшесінен, ауыспалы станциялары бар Үлкен Алматы өзеніне БАОҒА дейін жүргізген жөн.

– Сіз ол жаққа трамвай сала алмайсыз, электромобильдер де толыққанды шешім бола алмайды. Сондықтан аспалы жол табиғи аймақтарға бағыттарды дамытудың және экологиялық жағдайды

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Таксидің қызметін атқарады

Әлемдегі ең биік аспалы жол Боливиядағы Ла-Пас қаласында орналасқан. Бұл қалада қоғамдық көлік жоқтың қасы. Себебі, көшелері тар, көліктердің қозғалысына ыңғайсыз. Осы мәселені әкімшілік көтере келіп, көлік қатынасын реттеудің ең оңай және керемет жолын ұсынған екен. Егер Ла-Пас қаласына бара қалсаңыз, сізді көліктермен қоса, «аспалы жолдар» күтіп алады. Бір емес, үш бірдей аспалы жол сізге таксидің жұмысын атқарады. Әрбір жолдың ұзындығы 10 шақырым. Аталған аспалы жолдар әлемдегі ең биік қатынас құралы. Деректерге сүйенсек, Ла-Пас қаласында тағы алты жолдың салынуы көзделген екен. Олардың ұзындығы 30 шақырым болады. Салынатын аспалы жолдар 27 000 жолаушыны тасымалдауға жоспарланған көрінеді.

жақсартудың оңтайлы нұсқасына айналады деп санаймын, – дейді Гүлмира Байғабұлова.

Иә, «аспалы жол» адамдардың қаламен толық танысуы үшін жасалған арнайы қатынас көлігі. Мұндай жерүсті көлігіне біз көбінесе Көктөбеге барғанда отырамыз. Жан-жағы шынымен қоршалған, көкке көтерілетін бұл құрал арқылы сұлу табиғатты, қаланың көрінісін тамашалауға болады. Егер сарапшы-маманның ұсынысын құзырлы орын басшылары қолдаса, Алматының туризм саласы тағы бір тың деректермен толығып, туристердің көптеп келуіне жол ашады.



САЙЛАУ – 2023

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
техника ғылымының докторы:АЗАМАТТАР БЕЛСЕНДІ
БОЛУЫ КЕРЕК

Алдағы саяси науқанда бірқатар жаңашылдық бар. Мәселен, биыл Мәжіліске депутаттар бір мандатты округтер арқылы, яғни мажоритарлық жүйе негізінде «алғаш рет» сайланғалы отыр. Алғаш рет деуімнің себебі, мұндай сайлау осыдан 19 жыл бұрын, яғни 2004 жылы өткізілген екен. Тағы бір ерекшелік – депутаттыққа қарапайым адамдар ешқандай партияда болмай-ақ өзін-өзі ұсынуына болады. Мұндай жаңашылдық халық арасында белсенді жұмыс жүргізіп,

елмен етене араласып жүрген қоғам белсенділері үшін жақсы мүмкіндік. Өз басым, қоғам дамуы үшін оның азаматтары белсенді болуы керек деп есептеймін. Осы тұрғыдан алғанда, халыққа елдің мұңын тыңдап, жоғын жоқтай отырып, көпшілікпен қоян-қолтық жұмыс істейтін депутаттар керек. Себебі, халық қалаулыларының азаматтық позициясы белсенді болған сайын халықтың саяси сауаты арта түседі. Ал адам өз құқығын қорғауға бет бұрған сайын мемлекет дами береді. Мұндай өзгерістің елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын да жақсартатыны сөзсіз.

Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген азамат сайлаудан тыс қалмауы тиіс. Мысалды алыстан іздемей-ақ қойып, мен өзім 16-ға толып, қолыма Қазақстан Республикасының азаматы деген жеке куәлігімді алған кезімнен бастап президент, парламент сайлауынан ешқашан қалған емеспін. Иссапарда болсам да уақыт тауып, тіркеліп, дауыс беремін. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Сондықтан мен алдағы саяси науқанда да халықтың «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», дауыс беруге бір кісідей қатысуға шақырамын. Өйткені, алдағы саяси өзгерістер қоғамның дамуына серпін әкелетініне өз басым сенемін!

Досалы САЛҚЫНБЕК,
профессор:

ҮЛКЕН ҮМІТ КҮТЕМІЗ

Наурыз айының 19-ында елімізде Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді. Шәкәрім атамыздың: «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» дегеніндей, бұл сайлау бұрынғы сайлаулардан өзгереді болып тұр.

Алдымен айтарымыз, 2022 жылы маусым айында Ата Заңымызға өзгерістер енгізу жөніндегі жалпыхалықтық референдумда халқымыз Президенттің саяси реформалар жөніндегі бағдарламасын қолдап, осы өзгерістерді оң қабылдап, өз дауысын берген болатын. Соған сай, қазіргі қолданыстағы Ата Заңымыздың «Парламентті қалыптастыру тәртібі мен функцияларын жасақтау» баптары бойынша үлкен өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, Парламентіміздегі Мәжіліс 70/30 қатынасында (70% партиялық тізім бойынша, 30% бір мандатты округтер бойынша) аралас (пропорционалды-мажоритарлық) жүйемен қалыптасады.

Ал жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдарына келетін болсақ, аудандық және қалалық мәслихаттардағы сайлау мажоритарлық жүйемен және барлық деңгейдегі облыстық мәслихаттардағы сайлау аралас (пропорционалды-мажоритарлық – 50/50) жүйемен қалыптасады.

Осы Ата Заңымыздағы қағидаларды қарапайым тілмен Мәжіліске 98 депутат сайланады десек, оның 29-ы бір мандатты округтер арқылы сайланады. Яғни үміткерлерге партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана емес, өзін-өзі ұсы-



нуға мүмкіндік ашылды. Партиялардың Парламентке өтуі үшін белгіленген төменгі шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендетілді. Халқымыз алдағы болатын Мәжіліс және мәслихаттар сайлауынан үлкен үміт күтіп отыр. Мәжіліске және жергілікті мәслихаттарға тың ойлы, елім және жерім дейтін арлы азаматтардың келгенін қалайды. Ол үшін сайлауды әділ өткізіп, ұлтымызға жанашыр, арлы азаматтардың Мәжіліске және жергілікті мәслихаттарға депутат болып сайлануына ешқандай да кедергі болмауы керек. Сайлау барынша әділ әрі ашық өткізілсе, халықтың бойында болашақ дамуымызға деген үлкен сенім оты оянары сөзсіз.

Халықтың қалауы әділетті, таза сайлау өткізу. Олай болса, сайлауға бір кісідей жұмыла қатысып, осы сайлаудың әділетті әрі таза өтуіне өз үлесімізді қосайық!

Раушан ДҮЙСЕБАЙҚЫЗЫ,
Алматы аудандық «Ұстаз» кәсіподағының
төрайымы:ӘДІЛ ӨТУІ
МАҢЫЗДЫ

Сайлаудың әділ өтуі ең алдымен өзімізге байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Жалпы, сайлау дегеніңіз кез келгеніміздің көкейімізде «Осы сайлауда менің дауысым ғана басты шешім» деген ой болғанда ғана әділ өтетіні анық. Әрине, әділдікке, адалдыққа ұмтылсақ, мақсат-мұратымызға жетеміз. Біздің елімізде қандай іс болмасын халықтың қолдауымен жүзеге асып жатады ғой.

Дегенмен, кейде кейбіреулер кері тартып «менің дауысым не шешер дейсіз?» деп, саяси доданы жауапсыз ойынға балап жатады. Бұл дұрыс емес.

Өз басым елімізде болып жататын барлық саяси додаға атсалысып, өзіндік үнімді білдіріп жүретін адаммын. Және өзімнің маңайымдағы туыс-жекжат, көршіге дейін осынау саяси додаға қатысып, үн қатқанын қолдаймын. Жауапсыз шешім емес, ақыл-ой елегінен өткізгенін қалаймын. Биылғы жыл да саяси додаға толы жыл болып басталды. Дәл қазір елімізде Мәжіліс пен мәслихаттан үміткерлерді сайлауға әзірлік қызу жүріп жатыр. Елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын жанашыр азаматтар көптеп келсе екен деп тілеймін. Сол үшін сайлауға барып, өз таңдауымды жасағалы отырмын.

Уақыт өткен сайын халқымыздың да саяси сауаты артып келеді. Өткенді електен өткізіп, келешекті болжай білетіндіктері көп жағдайды аңғартқандай. Біздің қоғам түрлі кезеңді бастан кешіріп, кемелденіп келеді. Сайлауды өткізудің тәртібінде де өзгерістер бар. Мәселен, ҚР Мәжіліс депутаттары мен мәслихат депутаттарын сайлауды бір күнге белгілеп, бірге өткізудің өзі өте дұрыс қабылданған шешім болып отыр. Сонымен қатар, өзін-өзі ұсынып жатқан азаматтардың да арасында білімді, ұлтын сүйген, жан-жақты, іскер азаматтардың барына сенімдімін. Сайлауға түсіп, ел үшін еңбек етем деп жатса, ондай жандарды неге қолдамасақ.

Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері:ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІNETІН
ЖАНДАР БОЛСЫН!

Әлемде сайлау науқаны әртүрлі өтеді. Бірі алаулатып, жалаулатып өтеді. Ендігісі тып-тыныш, үнсіз-шусыз өткенін көздейді. Ең бастысы, ел тізгініне отаншыл, өз туған өлкесін сүйетін, іскер азаматтар сайланғаны абзал.

Сайлаудың әділ өтуі – ең өзекті мәселе. Соңғы кездері жүйенің жаңарып жатқандығын байқаудамыз. Елге белгілі тұлғалар тізгінді қолға алуда. Бұйырса, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі сайлауы өтеді. Ол 19 наурызға белгіленді. Бұған да көп уақыт қалған жоқ. Бұл жолғысы бұрынғысынан өзгереді. 70%-ы партиялық тізім, 30%-ы мажоритарлық бір мандатты жүйе бойынша өтеді. Сонысымен де ерекше болайын деп тұр.

Өңірлердегі мәслихат беделі

артып келеді. Бұған сайланатын депутаттар өңір, қала аумағындағы өзекті дүниені көтереді. Жалпы халықтың өкіліне қойылатын негізгі талап, ол – әділдік. Осы қағидадан аттамаса болды.

Біз үнемі жетілуді, солар сияқты болуды көксейтін, жаңа технологияның атасына айналған Жапония сияқты боламыз. Тіпті, Араб әмірліктері сынды өмір сүруге толық мүмкіншілігіміз бар. Менделеевтің химиялық элементтерінің 99%-ы бар. Сонымен бірге, түйткілді шешуге үлес қосса, шаруа өнеді. Қасиетті Қазақ елінің болашағын ойлауды бір сәтке қалтарысқа қалдырмайық. Заман дамыса, шаңын жұтпайық. Қайта көшін бастайық.


Бір нәрсе анық. Елді көтеретін қазақы рухтағы, әділ азамат. Ұлттық интеллигенцияның жаңа

буынын қалыптастыратын күн жетті.

Әділетті Қазақстан – көп функциялы. Мұны дамытудың сыры да, қыры да бар. Аса өзекті дүние деп санайық. Қайта дамыту мен өркендетудің алғы шарттарын ұсынайық. Қолдан келген мүмкіндікті жасайық. Ауызды ашып, айға қарап отырмайық. Жиі айтылатын сөз бар. Яғни сырттан келіп ешкім бізге бәрін жайнатып бермейді. Оны жасайтын осы елдің азаматтары. Сондықтан әр игі істі бастарда білек сыбанайық.

Қазақ мемлекеті әрдайым ғаламның дамыған елдері қатарының басында болғай!

Әзірлегендер
Рая ЕСКЕНДІР,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарының еңбек нарығындағы нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек екенін үнемі айтып отырады. Осы саланы одан әрі дамыту үшін нақты тапсырмалар берген еді. Ел Президенті жүктеген тапсырмалардың бірі – ірі бизнестің колледждерді қамқорлығына алып, қолдау көрсетуі тұрғысында болғандықтан, қазір бұл бастама бірден жүзеге асып жатыр. Мәселен, тапсырмаға сәйкес бүгінде еліміздің 498 кәсіпорны 410 колледжді өз қамқорлығына алды. Сонымен қатар, аталмыш кәсіпорын өкілдері қамқоршылық кеңестің құрамына кіріп, колледждердегі өзекті мәселелердің тікелей шешілуіне мұрындық болып отыр.

Дәл қазіргі кезде Президент тапсырмасына сай еліміздегі барлық колледждер студенттерді тәжірибеден, педагогтарды тағылымдамадан өткізуге кірісіп те кетті. Бүгінге дейін 300 мыңнан астам студент пен 5 мыңнан астам педагог кәсіпорындар базасында тәжірибе жинап, тағылымдамадан өтті. Жалпы, осы жобаны қолға алмас бұрын ең алдымен колледждерді өз қамқорлығына алатын ірі кәсіпорындардың тізбесі жасалған еді. Сосын Мемлекет басшысы еліміздің ірі бизнес өкілдерімен кездескен кезде осы бастаманы көтеріп, кәсіпорындарды арнаулы оқу орындарын қамқорлыққа алуға шақырды. Өз сөзінде Мемлекет басшысы техникалық мамандықтар бойынша білікті мамандардың жоқтығына шағымданатын бизнес өкілдеріне қарата: «Ірі бизнестер колледждерді қамқорлыққа алып, жастар неге олардан тәжірибе алмасқа, зертханалар мен шеберханаларды неге жабдықтамас-

«Ірі бизнестер колледждерді қамқорлыққа алып, жастар неге олардан тәжірибе алмасқа, зертханалар мен шеберханаларды неге жабдықтамасқа? Бұл бағытта жұмыс істеп жатқан жекелеген корпорациялардың бар екендігін білемін. Дегенмен, мұны жаппай жолға қою керек».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЖАС МАМАН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Отандық кәсіпорындар 400-ден астам колледжді өз қамқорлығына алды



кет басшысының тапсырмасына сәйкес сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік біліммен 100% қамту жұмысы жалғасып, мемлекеттік тапсырыс 50 мың орынға артып отыр. Егер колледж түлектері университетке түсіп, білімін жалғастырғысы келсе, онда тек екі пәннен ғана ҰБТ тапсырады. Өз мамандығы бойынша білім алуды жалғастырғысы келетін колледж студенттері 60 сұрақтан тұратын қысқартылған ҰБТ тапсырады.

Жалпы, «Білім туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, колледждерге қабылдау квотасы қайта қаралған еді. Мәселен, көпбалалы отбасы балаларына 5%, толық емес отбасы балаларына 1%, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасы балаларына 1% грант бөлінеді. Тегін техникалық және кәсіптік біліммен ең алдымен, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары қамтылады. Мұның өзі едәуір көмек. Биылдан бастап мемлекеттік тапсырысқа сай техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлаудың да саны арта түсті. Металлургия, IT, құрылыс, инженерия, қызмет көрсету салаларына басымдық беріліп, техникалық мамандықтар бойынша қабылданған студенттердің үлесі – 50 пайызға артты. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша колледждерге академиялық дербестік берілді. Еңбек нарығының жылдам дамуын ескерсек, аталған шара білім беру бағдарламаларының мазмұнын уақытылы жаңартуға мүмкіндік беріп отыр. Осылайша еліміздің колледждері жұмыс берушілермен бірлесіп білім беру бағдарламаларының мазмұнын мен оқу мерзімін дербес айқындауға мүмкіндік алды. Ең бастысы – жас маманның жұмысқа орналасуына кепілдік берілгені болып отыр.

қа? Бұл бағытта жұмыс істеп жатқан жекелеген корпорациялардың бар екендігін білемін. Дегенмен, мұны жаппай жолға қою керек», – деген еді.

Әрине, көп ұзамай бұл бастама кәсіпорын өкілдері тарапынан қызу қолдау тауып, еліміздегі колледждер кәсіпорындардан қосымша 10 мың маман даярлауға тапсырыс алды. Қазіргі таңда бұл жұмыстарды Оқу ағарту министрлігі тікелей назарында ұстап отыр. Министрлік жергілікті әкімшіліктермен бірлесіп, кәсіпорындардың тапсырысы бойынша кадрларды мақсатты даярлауды жалғастырып жатыр. Бұл тұрғыда кәсіпорындар колледжбен мақсатты маман даярлау туралы шарт жасасып, олардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру және түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемені өз мойнына алды. Сонымен қатар, қазіргі кезде білім беру бағдарламасы жұмыс берушінің талабына сай жаңартылып, дуаль-

ды оқыту мәселесі де жүйелі түрде қолға алынуда.

Өз кезегінде бұл колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуына өз ықпалын тигізетінін уақыт дәлелдеп берді. Дуальды оқытудың нәтижесінде түлектер кәсіпорындарда 100% жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болып отыр. Осы жылғы оқу жылында кәсіпорындардың тапсырысы бойынша 10 мың студент қабылдана, келесі оқу жылында қосымша 10 мың түлекті қабылдау жоспарланып отыр. Биылғы жылдың тағы бір жаңалығы – колледж түлектеріне дипломмен қатар, маман ретіндегі біліктілігі деңгейін анықтайтын карта берілетін болды.

Сонымен қатар, биылғы жылы тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамти түсу мақсатында мемлекеттік тапсырыстың көлемі 50 мыңға ұлғайып отыр. Мұның өзі мемлекет тарапынан жастардың қандай да бір мамандық иесі болуына жасалып отырған жағдай. Осылайша Мемле-

● ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Еліміздің мектептерінде 8 мыңға жуық педагог-психолог еңбек етіп жатса да, әлі де мамандар тапшылығы байқалады. Қазір педагог-психологқа деген сұраныс жоғары. Дәл қазір олардың санын көбейту бағытындағы жұмыстар да қызу жүріп жатыр. Өйткені, өмір болған соң, түрлі жағдайлар орын алып жатады. Оның үстіне, жасөспірімдердің жан-дүниесіне үңіліп, олармен ортақ тіл табысатын да көбіне осы психологтар.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ мамандар тапшы

Соңғы кездері жасөспірімдер арасында түрлі жағдайлар жиі кездесіп, өкінішті оқиғалардың орын алып жатқаны жасырын емес. Кейде тіпті олардың ата-анасынан қорқып, қателіктерге ұрынған да кездері болып тұрады. Жасөспірімдер осындайда ата-анасы мен мұғалімге, жақын досына айта бермейтін жан сырларын психологпен бөлісіп жатады. Демек, жасөспірім балалар ішкі жан сырын біреуге ақтарып айтқысы келсе, психолог баланың сенімді досы болғаны. Сондықтан Оқу-ағарту министрлігі мектептердегі психологиялық қолдау көрсету қызметін күшейтуді қолға алып отыр. Осы ретте «психологқа тек күйзеліске түскен жан ғана жолығуы керек» деген ұғымнан арылған жөн сияқты. Бүгінгі таңда мектептердегі психолог мамандардың жұмыс алгоритмін қайта қарау жағы да айтылып жатыр.

● МЕКТЕП ФОРМАСЫ

ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ, ТАЛАП ӨЗГЕРМЕЙДІ



Мектеп формасы туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету аса маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын кейбір топтағы балаларға оны бюджет есебінен беру қажет деп санаймын. Мектеп формасына арналған мемлекеттік тапсырысты отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бейімдеген жөн», – деді.

Бір кездері оқушының мектеп формасына қатысты түрлі пікірлер айтылып, ақыры ұзақ талқылаудан соң нақты бір шешімге тоқтаған еді. Әрине, мектеп қабырғасында оқитын оқушы өзінің бет-бейнесін айғақтайтын мектеп формасын кигені дұрыс. Өйткені, мектеп формасы – оқушының басты құжаты. Сондықтан мектеп формасына өзгеріс енгенімен, талаптың өзгермесі анық. Биылғы жылы оқушының мектеп формасына Оқу-ағарту министрлігі өзгеріс енгізді. Дегенмен, бұл өзгеріс оқушының мектеп формасын еркіндікке жіберу деген сөз емес.

Атап айтсақ, қазіргі мектеп формасы пиджак, жилет, шалбар, белдемше және жей-леден тұрса, ендігіде оқушылардың пиджак

пен жакетті тоқылған күртеше/кардиганға (түймелері немесе сыдырмасы бар), күнделікті киетін жейдені поло жейделерге ауыстыруына болады. Алайда, киімнің түсі, стилі және басқа да тұстары тым ерекшеленіп кетпес үшін мектеп әкімшілігімен келісілгені дұрыс.

Жалпы, мектеп формасына қатысты таңдауды ата-аналар көтеріп, бұл мүмкіндіктің балалар үшін ыңғайлы екенін айтып, қайта қарастыруды сұраған болатын. Ата-аналардың айтуынша, сабақ кезінде ресми костюм кию балалардың барлығына бірдей ыңғайлы емес көрінеді. Сондықтан балаларға ыңғайлы киім киюге рұқсат сұраған еді. Мәселен, ресми пиджак немесе жакет орнына тоқыл-

ған күрте/кардиган және күнделікті жейде орнына поло жейде кию ұсынылды. Алматы қалалық білім басқармасының «Рухани-адамгершілік тәрбие бөлімінің» басшысы Нұргүл Тау қыздар мен ұлдар үшін мектеп формасына түйме немесе сыдырмасы бар трикотаж күрте (кардиган), поло жейде немесе теннисканың қосылғанын мәлімдеді. Бөлім басшысының айтуынша, Алматыда қазір түсіндіру жұмыстары басталған.

– Қазір оқу жылының ортасы болды. Сондықтан бұл жұмыстарды жаңа оқу жылынан бастап әр мектептің Қамқоршылық кеңесі ата-аналармен кеңесіп, қажетті стильді таңдайды, – деді.

Бұл ретте балалар қазірдің өзінде поло немесе жилет киісі келсе, онда оған құқылы екенін айтты. Сонымен қатар, оқушы тиісті мектеп формасын кимеген жағдайда кімнің жауапты болатынын да еске салды.

– Бұған сынып жетекшісі жауапты емес, бірақ ол оқушылармен, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оқушының мектептегі киім үлгісіне ата-анасы жауапты екенін айтуға міндетті. Егер бала мектеп формасын кимесе, онда Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне хат жолданып, тиісті жұмыстар жүргізіледі, – деді.

Жалпы, нақты шешімді мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесі және мектептің өзін-өзі басқару кеңесі қабылдайды. Оқу-ағарту министрлігі бұл толықтыруларды келесі жылы мектептердің шешім қабылдауына уақыттың жеткілікті болуы үшін алдын ала бастағанын айтады. Дегенмен, бұл қадам мектептер бекітілген талаптарды міндетті түрде қайта қарау дегенді білдірмейді. Бұл қажет болған жағдайда пайдалануға болатын қосымша мүмкіндік пен нұсқа ғана. Ең бастысы, мектеп формасының түсі қаракөк болу керек. Сондай-ақ, ата-аналардың мектеп формасын өздері қалаған өндірушіден сатып алуға да еркі бар.

Бетті әзірлеген
РА ЕСКЕНДІР.



КӨРМЕ

ТҰЛҒАЛАР – ШАБЫТ БАСТАУЫ

Алматы қаласының Тарих мұражайында суретші Әсел Сабыржанқызының «Ассоль. Тұлғалар – шабыт бастауы...» атты жеке көрмесі өтті. Көрме ТҰРКСОЙ-дың Алматы қаласындағы кеңсесімен бірлесе ұйымдастырылып, ұйымның 30 жылдығы аясында өткізілуде.

Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Әсел Сабыржанқызы суретші, станоктық кескіндеменің шебері, өнертану ғылымының магистрі. Ол бес жасынан бастап сурет салумен айналысады. Бойжеткеннің әлеуметтік желідегі парақшасында көрсеткен өнерін ешқандай өнер мекемелерінде оқытпайды, мұның бәрі ұзақ тәжірибе мен қажырлы еңбектің нәтижесі.

«Ерекше жұмыстарды жасағанды жаным сүйеді. Кішкентай кезімнен спортқа деген қызығушылығым болған. Мен жасаған дүниелерімнің көпшілігін әлеуметтік желіге жүктеймін. Сол арқылы көрермендердің көңілінен шығуға тырысамын. Сурет арқылы өмірдің түрлі сәттерін көрсетуді мақсат етемін. Шығармаларыма түрлі түстерді пайдалануға тырысамын. Алдағы уақытта көрмені шетелдерде өткіземіз», – дейді суретші Әсел Сабыржанқызы.

Әсел өз жұмысында символдық графика әдісін пайдаланады. Бұл шағын құрамдас бөліктерден құралған, адамның портретін салатын кездегі әдіс болып табылады. Бұл әдістің бір мысалы – Әселдің «Көзімнің қарасы» әнінің сөздерін пайда-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ланып салған Абайдың портреті. Алматылық суретшінің қайталанбас қабілеттерінің бірі – екі қолмен, әрі екі аяқпен қатар сурет сала білуі. Осылайша ол әрбір Қазақстан азаматына белгілі тұлғалардың алты реалистік портретін салды.

«Ол шығармашылық жұмыспен айналысу кезінде символизм, метафоризмге барып, таңбаларды зерттеуге талпынды. Осылайша көркем туындысын мәдени мұраға айналдыруда ежелгі және ортағасырлық жауһар туындыларды жасап шығарды. Мұндай таңғажайып туындылар тек хас шебердің қолынан келеді десем, артық айтпағаным болар», – дейді көрермен Айсар Серік.

Нейротерапевт Билл Скоттың айтуынша, Әселдің сурет салу барысында ми белсенділігі шамадан тыс артады. Әсел шығармашылық көзқарас пен қазақ өнерін халықаралық деңгейде танытқаны үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жеке марапатына ие болды.

Расымен-ақ, «Тау мен дала аңызы» шығармасын тамашалап отырып, дархан даланың тұмса табиғатына, самал желіне, керуен көшіне кез боласыз. Аспанда қалықтап жүрген құстар қошқар мүйізбен бейнеленген. Ақсақал елге батасын беріп, ел амандығын тілегендей кейіпте. Қызара батқан күннің сәулесі айналаға шуағын

төгіп тұр. Басында кимешегі бар ардақты ананың қолында садақ ұстаған бозбала. Айналада ақбоз аты, құмай тазысы, қыран бүркіті бар көшпелі қазақ өмірін әсем бейнелеген. Сондай-ақ, «Байқоңыр» атты туындысы қазақ даласындағы өзіндік ғарышты бейнелейді. Төмен жағындағы өрнектелген тау байыптылықты, мамыражай уақытты көз алдыңызға әкеледі. Жұлдыздарға көмкерілген кішігірім тас бейнебір галактика дерсіз. Сырлы өрнекпен безендірілген gobelen сіздің де көңіліңізден шығары сөзсіз. Суретші алдағы уақытта өзінің мектебін ашуды жоспарлап отыр. Көрме Алматы қаласының мәдени өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі болмақ.

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

28 МИЛЛИОНҒА
ЖЕТЕМІЗ

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, Қазақстан халқының орташа жылдық саны 2050 жылға қарай 8,2 миллион адамға өсіп, 27,8 миллион адамға жетуі мүмкін.

Статистикаға сүйенсек, 2022–2050 жылдары жаңа туған нәрестелер саны – 14,3 миллион, қайтыс болғандар саны – 5,5 миллион адам. Осылайша табиғи өсім 8,8 миллионға жетіп отыр. Алайда, көші-қонның теріс сальдосына байланысты (565 мың адам) 2050 жылға қарай халықтың таза өсімі 8,2 миллион адам болады деген болжам бар.

2050 жылға қарай сегіз өңірдің халық саны 869 мың адамға қысқаруы мүмкін, олардың қатарына Абай (92 мыңға), Ақмола (80 мыңға), Қарағанды (99 мыңға), Қостанай (181 мыңға), Павлодар (100 мыңға), Солтүстік Қазақстан (182 мыңға), Ұлытау (15 мыңға), Шығыс Қазақстан (120 мыңға) облыстары кіреді. Сонымен қатар, қалған өңірлердегі халық саны 9 миллион адамға өсуі мүмкін, оның ішінде Астана, Алматы және Шымкент қалаларында 4,2 миллион адамға дейін өседі. Халық саны мына облыстарда өседі: Ақтөбе (326 мың), Алматы (800 мың), Атырау (350 мың), Батыс Қазақстан (112 мың), Жамбыл (657 мың), Жетісу (512 мың), Қызылорда (328 мың), Маңғыстау (723 мың) және Түркістан (994 мың адамға). 2022–2050 жылдары 13,6-дан 16,3 миллионға дейін (базалық сценарийде 14,3 млн) бала дүниеге келеді деп күтіліп отыр, оның 64 пайызы – қалалық жерлерде, 36 пайызы – ауылдық жерлерде.

Айнұр НҰРСАБЕТ.


ҚЫЛҚАЛАМ

ИСПАНИЯДАН КЕЛГЕН «АЙ СӘУЛЕСІ»
Мегаполисте ерекше көрме ашылды

Ай – Жердің ажырамас серігі. Күн жүйесіне жататын, аспан денелерінің ішіндегі адам табаны тиген жалғыз ғаламшар ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Ақын-жазушылар қыздың көркін Ай бейнесіне баласа, әлем суретшілері Айдың көркін бейнелеп, жиі көрме ұйымдастырады. Атақты испан суретшісі Хосе Мария Кано де Андрес Қазақстан Республикасындағы Испания Корольдігі Елшілігінің көмегімен, Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Ай сәулесі» (MOONSHINE) атты жеке көрмесін ашты.

Суретші көпшілікке ұсынған 19 картинасында түнгі шырақтың жұмбақ жарығын әсем бейнелеген. Ерекше талант иесінің картиналары бұған дейін әлемнің ірі қалаларында қойылып, халықтың ықыласына бөленіп үлгерген.

Кано де Андрес Испания астанасы Мадрид қаласында 1959 жылы 25 ақпанда дүниеге келген. Бала кезінен сәулет өнеріне жақын болған бала 10 жасынан бастап сәулет институтына түсуге дайындалған. Бастапқыда Рафаэль Идальго де Кавьедес академиясына, кейін «Artaquio» академиясына барып білім алған. Сәулет институтының бірінші курсына оқып жүріп, «өртеп салу өнерін» суретші профессорлардан үйренген.



Махаббат аңызына айналған Ай тақырыбы әрқашан Каноны қызықтырды. Ол «Мекано» поп-тобында болған кезінде өзінің ең танымал әні – «Ай баласы» балладасын түнгі жарыққа арнаған. Өнде бөтен тайпадағы сыған жігітке ғашық болған сыған қызының махаббаты баяндалады. Қыз Айдан оған көмектесуін сұрағанда, түнгі жарық келіседі. Бірақ қорқынышты шарт қойып, тұңғыш баласын беруді талап етеді. Сыған қызы сүйіктісіне тұрмысқа шығады. Уақыт өте келе ақшыл сұр көзді, сұрғылт шашты нәресте дүниеге келеді. Сыған жігіт әйелін «сатқындық жасады» деп айыптап, өлтіреді. Баланы Айға жақын биік төбеге апарып, тастап кетеді. Ай баланы бауырына басып, ол жылағанда тербетіп бесікке айналады. Бала ұйықтап жатса, онда Ай толып бақытты, тұтас бір шеңберге айналды. Балладада Ай ананың бейнесінде, ал бала Ай ұлының бейнесінде суреттеледі. Кано Айды өзінің біршама шығармаларына арқау еткен. Оның «Hijo de la luna» әнінің бірнеше нұсқасы да бар.

Әнші әрі суретшінің бұл көрмесі Орта Азия елдерінде, оның ішінде Қа-

зақстанда тұңғыш рет көрермен назарына ұсынылып отыр. Кано Испания, жалпы Еуропа, Ресей, Қытай, Вьетнам мен Латын Америка елдерінде танымалдылыққа ие суретші.

«Қазақстанда Хосе Мария Каноның сурет көрмесін ұйымдастыру идеясы былтыр Әбілхан Қастеев атындағы өнер музейіне келгенде туындады. Дипломатия деген тек саясат қана емес, өнермен де байланысты деп ойлаймын. Сондықтан да қазақстандықтарды испан халқы өкілінің өнерімен таныстыруды дұрыс деп шештім», – деді Испания Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Елшісі Хорхе Урбиола Лопес де Монтенегро.

Ойын сурет арқылы жеткізіп, музыка арқылы іске асырып отырған Каноны сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі десек те болады. Өзінің көрерменіне ұсынған бұл көрме елімізде сирек болатын көрмелер қатарынан көріне білді.

Айта кететін жайт, «Ай сәулесі» экспозициясы 15 наурызға дейін жалғасады.

Ажар ЗАМАНҒАЗИНОВА,
ХАТУ студенті.



БРИФИНГ

АРНАЙЫ ЖАСАҚ ОФИЦЕРЛЕРІН ДАЙЫНДАУ

ҚР ІІМ Алматы академиясы жаңа оқу жылында 300-ден астам курсантты қабылдайды



Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ІІМ Алматы академиясы басшысының орынбасары, полиция полковнигі Ержан Бимолданов хабарлады. 65 жылдық тарихы бар академияның ішкі істер органдарының кәсіби мамандарын дайындайтынын атап өткен жөн.

өтуі, ҰБТ нәтижесі 50 ұпайдан кем болмауы тиіс», – деді Е.Бимолданов.

Академияда оқу 3 тілде жүргізіледі, оқыту барысына белгілі ғалымдар, халықаралық сарапшылар мен тәжірибелі қызметкерлер тартылған. ҚР ІІМ

Алматы академиясы басшысының орынбасары ведомстволық жоғары оқу орнында білім алудың артықшылықтарына тоқталды. Мәселен, мұнда олар жай ғана офицерлер емес, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, криминалдық полиция, ұйымдасқан қылмыс, киберқылмыс, есірткі бизнесі, экстремизм және IT-криминалистика саласындағы мамандарды дайындайды. Академия арнайы жасақ офицерлерін даярлаудың авторлық бағдарламасын әзірледі.

Сонымен қатар, мамандандырылған университет базасында киберзертхана ашылды. Ол қазіргі және болашақ қызметкерлерді

интернет арқылы жасалатын қылмыспен күресу бойынша жұмыс дағдыларына үйретудің тиімді алаңына айналды.

Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы тегін білім алып, жайлы жатақханада тұруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, артықшылықтар қатарында тегін тамақ, формалық киім, медициналық қызмет көрсету, тұрғылықты жеріне бару және кері қайтару (пойызбен) кіреді. Курсанттар шәкіртақы алады. Оқу мерзімі мерзімді әскери қызмет өткерумен тең. Академия толық оқу курсы аяқтаған түлектерді жұмысқа орналастыруға кепілдік береді. Оқуды аяқтағаннан кейін бітірушілерге «Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер бакалавры» және «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бакалавр» біліктіліктері бар мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі, сонымен қатар «полиция лейтенанты» арнайы атағы беріледі.

Келесі оқу жылында академияға конкурстық негізде бакалавриат бағдарламалары бойынша 300 курсант, 25 магистрант және 10 докторант қабылдау жоспары бар. Оқуға түсуге 16 жастан 25 жасқа дейінгі, білімі ортадан төмен емес, физикалық дайындығы бар Қазақстан Республикасының азаматтары үміткер бола алады.

«Оқуға түсуге қатысты барлық сұрақ бойынша тұрғылықты жері бойынша Полиция басқармаларының аудандық (қалалық) бөлімдеріне немесе тікелей Алматы академиясына хабарласу қажет. Үміткер медициналық комиссиядан, дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақтардан

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАР өзара келісіммен шешілуі сирек кездеседі

Әлем елдерінің қай елінде болсын, мемлекет отбасын қорғайды. Біздің елде де әр отбасы мемлекеттің қамқорлығында, басты назарында екені белгілі. Отбасындағы жағдайды, кикілжіңдерді арнайы қабылданған заңдар реттейді. Азаматтық құқықтың жеке, дербес саласы отбасы құқығы болып есептеледі. Соңғы уақытта отбасылар, ағайындылар арасында қит етсе, бір-бірін сотқа беретін жағдайлар жиі кездесіп жүр.

Отбасы құқығы отбасылық қатынастарды, сондай-ақ некеде немесе жақын туысқан азаматтар арасындағы жеке мүлкілік қатынастарды, неке мәселелерін реттейді. Сондықтан мемлекеттік билік институттары осы саладағы барлық даудың нақты және тез шешілуін қамтамасыз етіп келеді. Өкінішке қарай, Қазақстан бүгінде ажырасу көрсеткіші бойынша алдыңғы қатарда тұр. Қандай жағдайды алып қарасақ та, кейде ерлі-зайыптылардың арасындағы жанжалға туыс-туғандары, достары мен таныстары араласып, отбасылық үлкен дауға айналып жатады. Тіпті, бір-бірін енді көрместей арақатынасты

мүлдем үзеді. Сөйтіп, дүниеге келген жазықсыз балалар зардап шегіп жатады. Қоғамдағы алаңдайтын мәселелердің бірі – осы.

«Отбасы және неке» кодексінде баланың құқығы толық көрсетілген. «Бала толыққанды отбасында өмір сүруге, ата-анасын білуге, отбасының барлық мүшесімен араласуға, оның ішінде ата-әжесімен, басқа да жақын туыстарымен араласуға құқығы бар» делінген. Алайда, соңғы уақытта ажырасқан ата-аналардың дені балаға зат секілді қарайтын болған. Бала «менікі, сенікі» деп



бір-біріне итеріп, баланың құқығына нұқсан келтіріп жатады. Оның арты отбасы дауына айналады да, баланы зат сияқты «бөліп алғымыз келеді» деп заңгерге жүгініп жатады. Сот баланың болашақта кіммен тұратынын анықтап, жеке мүддесін ескере отырып шешім шығарады. Сот шешімімен бала сол ата-анасының бірімен қалады. Сөйтіп, ата-ана қамқорлығынан ішінара шектеледі. «Ерлі-зайыптылардың ажырасуынан туындайтын отбасылық дауларда өзара келісіммен шешілетін жағдайлар өте сирек кездеседі», – дейді мамандар.

ЖЕДЕЛ-ТЕРГЕУ ТОБЫ

Былыр қыркүйек айынан бастап осы жылдың 20 ақпанына дейін Алматы және Астана қалаларында 6 журналист пен блогерге, сондай-ақ олардың қызметіне байланысты 1 адамға бірқатар құқықбұзушылық әрекет жасалған. Бұл туралы АҚДМ баспасөз қызметі хабарлады.

ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТ ЖАСАҒАН 18 АДАМ ҰСТАЛДЫ

Жәбірленушілерге қатысты жылжымайтын мүлікке қасақана зақым келтіру, автомобильдерді өртеу, оларды қорқыту фактілері, жәбірленушілердің мекенжайлары бойынша терроризм актісі туралы жалған хабарламалар және интернет желісінде дербес (жеке) деректерді тарату фактілері жасалды.

Бұл қылмыстарды ашу үшін арнайы Ведомствоаралық жедел-тергеу тобы құрылды. ҚР Қылмыстық кодексінің 115 (қауіп), 147 (Жеке өмір туралы мәліметтерді тарату), 158 (журналистік қызметке кедергі жасау), 202 (бөтеннің мүлкін қасақана жою), 293 (бұзақылық) баптары бойынша 20 қылмыстық іс қозғалып, тергелуде.

Қазіргі уақытта аталған барлық фактілер ашылып, қылмыс жасауға қатысы бар 18 адам ұсталды. Дәлелдемелік базаны бекіту бойынша қажетті тергеу, жедел іс-қимыл амалдары жүргізіліп жатыр.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәдина ҚАНАТБЕКҚЫЗЫ, отбасылық заңгер:

Алимент өндіру кезінде жеке сот орындаушыларының өз міндетіне немқұрайлы қарауы, сот шешімдерінің дұрыс орындалмауы, ата-анасының баласына материалдық көмек көрсетпеуі, ата-аналық міндеттің толыққанды орындалмауынан туындаған мәселелер төңірегінде жиі көмекке жүгінеді. Әсіресе, ер-азаматтардың жауапкершілігі өте төмен. Баласынан бас тартып, жылдар бойы баласына алимент бермей, қашып жүреді. Борышкерлер мекенжайын жиі ауыстырады. Алимент өндіре алмай жүрген жалғызбасты аналар көбейген.

Содан болар, қазір отбасылық заңгерге деген қоғамның сұранысы жоғары. Кез келген дауды тек заң аясында шешу екі тарапқа да тиімді тәсіл болады. Сотқа жеткізбей, медиациялық келісім-шарт жасап, дауды бейбіт жолмен шеше білу заңгер үшін кәсіби шеберлікті қажет етеді. Көбіне, отбасылық дау сотсыз да шешімін табады. Отбасы заңгері отбасы қарым-қатынасынан туындаған дауларды дұрыс шешу, тараптарға заң аясында дұрыс бағыт-бағдар беру үшін керек. Ана мен баланың құқығын қорғауда маңызы зор.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ДЖИУ-ДЖИТСУ

Елімізде бұқаралық спорт дамып келеді

Алматы – спорттың алтын діңгегі. Мұнда барлық салада өркендеу байқалады. Спорттық іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Өңірлерден келген жас өрендерге де қолдау зор. Соның арқасында спорттың әр саласында үлкен жетістіктерге қол жетіп жүр.

Мегаполисте жасөспірімдердің дене тәрбиесіне жақсы көңіл бөлініп, олардың бұқаралық спортқа бейімделуіне жағдай жасалып келеді. Бұл бағытта қол жеткен жетістіктерді саралап айтуға болады. Арнайы бокс, күрес, су спорты, таэквондо сынды бірқатар орталықтар жетерлік. Соның ішіндегі ең негізгісі – джиу-джитсу және грэпплинг.

Қазақ елінің жастары спортқа құмар. Оның ішінде күш-қуат, әдіс-айла, аса ептілік пен қауқарды қажет ететіндеріне жиі қатысады. Біздің бүлдіршіндер кішкене күнінен машығып, халықаралық олимпиадаларда топ жаруда. Осы ретте бразилиялық джиу-джитсу, грэпплингтің бүгінгі жағдайы, жетістіктері, даму үдерісі туралы сараптап, тұжырымдаймыз. Осы саладағы өзекті мәселені де назардан тыс қалдырмаймыз.

ЖЕТІСТІК – ЕРІНБЕГЕННІң ЖАҒЫНДА!

Әрбір жетістікке жететін спортшы өзін қамшылайды. Әдіс-айласын шындайды. Бас жаттықтырушының айтқанына құлақ асады. Жеңіл-желпі дүниеге қызықпайды. Той қуалап кетпейді. Айтқан тілді алады. Күндіз-түні көздеген нәтижеге жету үшін өз-өзін шындайды. Қалыпты режимді сақтайды. Сонда ғана биік шыңға, байрақты додаға дайын болады.

Бәрін қызықтыратын бір сауал. Яғни джиу-джитсумен айналысып, түбі қайда барамын деп толғанады. Бұл – заңды сұрақ. Кез келген дүниеде индустрия болуы шарт. Адам бір орынында тұрмай, ілгерілеуі қажет. Ойымды мысалмен дәлелдейін. Егер 30 жаста болсаңыз, джиу-джитсуға қатысып көріңіз. Әр жаттығудан қалмаңыз. Өлгіңде айтылған қағидаларға сай болыңыз. Сонда әлем чемпионы боласыз. Бұған 100% кәміл сенімдіміз. Мұны өз тәжірибемізге сүйеніп айтып отырмыз.

Көп спорт түрлерінде жас мөлшеріне

шектеу қойылған. Біреуінде – 6, ендігісінде – 8. Бізде жасқа шектеу жоқ. Сіз 50 жаста болсаңыз да Дүниежүзілік біріншілікті ұтуға мүмкіндік мол. Өткен жылы украиндық аула сыпырушы Әлем чемпионы атанды. Оның бала күнгі арманы осы екен. Тағы бір мысал айтайын. 53 жастағы әкей күміс жүлдені ұтты. Сондықтан да джиу-джитсу жас талғамайтын, ғажап өнер дер едім.

АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ЫНТАСЫ ЗОР

Өңірлер, елдімекендерден келіп джиу-джитсуға қатысатындар қатары артып барады. Ауыл жастарына деген қамқорлығымыз жоғары. Өзім де екі жерде жаттықтырамын. Олардың ынталары зор. Дене бітімі мығым әрі спорттың кез келгеніне бейім.

Бір нәрсені шегелеп айтайын. Ауылдан келетін жастар өте мықты. Физикалық жағын айтып өттік. Сондай-ақ, төзімділіктері жоғары. Жаттығудың қиын тұстарына шыдайды. Берілген тапсырманы тыңғылықты жасайды. Артық қылыққа бармайды. Міне, осы жағынан келгенде бәрінен алда тұр.

Қалаға келіп жаттығу да оңай емес. Мегаполиске жақын-жуықта тұратындарға жеңілдеу болуы мүмкін. Бірақ қатынас оңайға соқпайды. Әлбетте жаттықтырушысымен келісіп, тұратын орын, жатақхана тапса игі. Олай болмаса, жағдай қиын. Бізде осы жағына назар аудару қажет болып тұр.

Ауыл жастары төзімді деп бекер айтпадым. Қанша жерден тұратын жері жоқ болса да, қаржысы жол-пұлға жетпей жатса да, өз ынтасымен бәрінің амалын тауып қатысып жүргендер баршылық. Сол жағы қуантады.

ҰТЫСҚА КЕНЕЛЕДІ

Жастар – спортқа құштар. Тіпті, өте жан-тәнімен беріліп айналысатындарды көріп жүрміз. Өзіміз де жаттықтырып, әр баланың ыңғайын біліп қалдық.

Өлгіңде жастардың ынтасы зор екендігін айттық. Төзімді дедік. Сондай зор құлшыныс ұшпаққа шығармай қоймайды. Біраз бұрын елде ірі сайыс өтті. Соған 100 мың доллар жүлде тікті. Қомақты ұтысты спортпен белсенді айналысқан, көп жыл жаттығуын үзбеген спортшы иеленді. Бұдан артық қандай керемет болсын. Сөйтіп, бас жүлдені қанжығалайтындар жетерлік. Осындай қомақты жүлдені басқа елде беріпті дегенді есті қоймадық.

Спортшы болу жақсы. Нағыз майталман болу қажыр-қайратты қажет етеді. Жоғарыда аталған қарапайым қағидалы жасасаңыз, ұшпаққа шығасыз. Сөзсіз мол ұтысқа кене-



лесіз. Болашағыңызға жол ашылады демекпіз.

АЙЫРМАШЫЛЫҚ АЗ

Біздің спортымызды көп адам түсіне бермейді. Дәлірек айтқанда, аражігін ажырата алмайды. Грэпплинг пен джиу-джитсу бір ғой деп ұғады. Ал шын мәнінде дәл олай емес. Бірақ арасында тас қамал да тұрған жоқ. Бір-бірінен аса бөліп қарау әбестік.

Грэпплинг пен джиу-джитсу бір-бірімен тығыз байланыста. Ауыз толтырып айтатын айырмашылық сәл ғана.

Грэпплингте – кимано болмайды. Сонымен қатар, ұстау жоқ. Динамика керек. Көп қозғалыс, қимыл-әрекетті талап қылады.

Джиу-джитсуда – кимано бар. Бұнда ұстау әдісін пайдаланса болады. Техникасында сәл ғана өзгешелік аңғарылады. Екеуіне де ортақ ұқсастық аралас күрес түрлерінің қабысып араласуында деп ойлаймыз. Осында грек-рим, классикалық күрес сынды бірқатар спорт түрлері тоғысуда.

ЖАРАҚАТ АЛМАУ ӨЗІҢЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Әр спортшы жарақаттан қашып құтыла алмайды. Оқыста қолы шығып, аяғы сынуы мүмкін. Алайда, өрескел жарақатқа жол бермеудің техникасы жетіп жатыр.

Ата-ана баласын спорт үйірмесіне әкелместен бұрын осы жағдайды ойлайды. Алаңдап, жаттықтырушылардан сақтық шарасын қатаң сақтауды сұрайды. Олар да өз баласын қайда қатыстырып жатқанын түсінеді.

Өгәрәки, жаттықтырушы мен спортшы бір-бірін жақсы ұқса, қатаң ереже сақтаса, әр әдісті қолданарда ақыл-ойды қосып еңбек қылса, қиындық бола қоймас. Бала

бапкерді тыңдап, асықпай-аптықпай машықтануы шарт. Бапкер өз баласына қарағандай көңіл бөлсе, жеткілікті. Сонда ортақ ұғым қалыптасады. Осы жағдайды ескерсе, жарақаттың алдын алуға болады.

СПОРТ – ӨМІР

Грэпплинг, джиу-джитсумен тек қана балалар емес, қыздар да айналыса алады. Менің өзім 14 жасымнан бастап айналысамын. Басында құр, жәй нәрсе сияқты көрінді. 1-2 жаттығуына қатысып жүрсем болды деп ойлағанмын. Бірақ олай емес екен. Бұл спорт өмірге тынысыңды ашады. Ұдайы шыңдалып отыруыңыз қажет. Қазіргі таңда 19 жасқа толдым. Халықаралық жарыстарға қатысып тұрамын. Бір жағынан шәкірт те тәрбиелеймін. Абу-Даби қаласында ел намысым қорғап, өнер көрсеттік.

Бұл спорт түрін дамытудың бірнеше тетігін айтқымыз келеді. Нақтырақ, Дүниежүзілік біріншіліктер өткізіп, аймақтық деңгейде де қолға алған жөн. Сырт елдермен бірлесіп халықаралық жарыстар ұйымдастырылса, жақсы болар еді.

Біздің жігіттер, қыздар сайысудан тайсалмайды. Боз кілемге шығарда тартынбайды. Жуырда Абу-Даби шаһарында өткен әлем чемпионатында жерлестеріміздің белдесуден қаймықпайтынын көрдім. Іштей риза болдым. Ал өз-өзімізбен күреске түсер тұста, қатты дайындалады. Демек, шетелден гөрі біз мықтырақ шығармыз.

Спорт – тынысыңды ашады. Сонымен бірге, салауатты өмір салтының кепілі. Осыған толық көзіміз жетті.

**Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

**Суреттерді түсірген
Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.**

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Дмитрий КУРИЛОВ,
Джиу-джитсудан кара
белбеу иегері, дене
шынықтыру саласының
профессоры:**

БЕТБҰРЫС ЖАҚСЫ

Джиу-джитсу – өте керемет спорт. Әрине, кейбіріне таңсық көрінеді. Алайда, мұнда түрлі сала араласқан. Былайша айтқанда, күреске қатысты тәсілдердің бәрі осының ішіне кіреді. Күрес болғандықтан MMA, UFS майталмандары жиі қолданады. Мұны меңгерген адам жан-жақты жетіледі. Қарсыласты оңтайлы тұстан ұстау, қысу және т.б. тактикалар кіреді. Қазіргі таңда джиу-джитсумен белсенді айналысып жүргендерді айта аламыз. Олар ережесіз жекпе-жектің хас шеберіне айналды. Әлем көз тігетін, нағыз сегізбұрыш батырлары болуда. Сондай баһадүрдің бірі – Шавкат Рахманов. Ол дәп осы күрестермен шұғылданады. Осының барлық қыр-сырын меңгерген. Шавкат – біздің елдің мақтанышы.



**Максим ПАЙ,
Грэпплингтен
жаттықтырушы:**

ДОДАҒА ДАЙЫНБЫЗ!

Бразилиялық джиу-джитсу – көп салалы. Мұның ішіне дзюдо, самбо, әскери әдіс кіреді. Қазақстанда перспективасы қалыптасу үстінде. 2010 жылы Arlan Grip Pro спорт кешенінде байрақты жарыс өткізілді. Оған әйгілі спортшы Крэйк Джонс қатысты. Халықаралық турнирге сырттан басқа да спортшылар қатысып, бақ сынады. Грэпплинг, джиу-джитсу дәрежесі бойынша күресті. Қазақ мемлекетінде жасөспірімдер спортына қолдау бар. Жыл өткен сайын жақсы жаңалықтар болуда. Қомақты жүлде қорын тағайындауда. Жуырда жасөспірімдер ақшалай жүлдені иеленді. Жүлде – 100 мың теңге. Небәрі 14-15 жасында қаржылай қолдау табу жетістік, стимул деп білеміз. Менің ойымша, осындай істер спортқа демеу береді. Жаңадан өсіп келе жатқан буынға үлкен өмірге жол ашады.




**Артур ПИХА,
Джиу-джитсудан жасөспірімдер
арасындағы Әлем чемпионы:**

СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУҒА КЕҢЕС БЕРЕМІН

Мен бразилиялық джиу-джитсумен 7 жылдан бері айналысып келемін. Грэпплинг, джиу-джитсуға қатар қатысып жүрмін. Жуырда Сауд Арабиясындағы жарыстан жүлде алдым. Сөйтіп, әлемнің 2 дүркін чемпионы деген атақты иелендім. Қарағандыда да жеңімпаз атандым. Осылайша «көк белдеу» бұйырды. Жалпы, еліміздің 8 дүркін чемпионы болдым. Осы спортқа ата-анам жетелеп әкелді. Туыстас көкемнің де еңбегі зор. Көкем көбірек ықпал жасады. Олар ұнаса ғана қалдыратынын айтты. Оған дейін бұның не екендігінен бейхабар едім. Ақыры ұнап, 8 жасымнан бері айналысып келемін.

Қазір 15 жастамын. Бапкері жақсының бабы да, бағы да қатар шабады. Дмитрий Сергейұлы менің бағыма келген жаттықтырушы дер едім. 7 жылдан бері осы кісінің жанында машықтанып келемін. Өзімнің қатарластарыма спортпен белсенді айналысуға кеңес беремін. Таңнан кешке дейін смартфон шұқылаудан пайда жоқ. Одан да денсаулық пайдалы, әсіресе жүрек-қан тамыр соғысын жақсартатын спортқа келсе деймін.





АНА МЕН БАЛА

Қазақстан 2008 жылдан «баланың өлім-жітімін болдырмаудың халықаралық қағидаттарына» көшкелі бері, ілгерілеушілік бар дейді мамандар. Жаңа туған нәрестенің шетінеп кету оқиғалары 50%-ға қысқарған. Әрине, өлім-жітім көрсеткішінің айтарлықтай төмендеуі көбінесе халықтың әл-ауқатының жақсаруымен және денсаулық сақтау саласына бөлініп жүрген қаражаттың молдығымен түсіндіріледі.

Елімізде 2011 жылдан бастап енгізілген «қауіпсіз жүктілікті қамтамасыз ету» стратегиясы да нәтижесіз емес. Иә, мемлекетімізде әйелдердің босанғанға дейін, кейін де және жаңа туған шаранаға, сондай-ақ бесіктегі бөбектерге шұғыл көмек көрсету жұмыстарының жүйелі түрде жолға қойылғаны нәтижесінде көп жетістікке қол жеткізіп отырмыз.

Әрине, сәбилер арасында өлім-жітім жоқ деп айтуға болмас. Бірақ ұрпақтың амандығы һәм дені сау бала үшін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі 2017 жылы ЮНИСЕФ-пен (БҰҰ-ның Балалар қоры) бірлесіп, «Әмбебап озық патронаж моделі» деген пилоттық ірі жобаны қолға алғаны бар. Нәтижесі ауыз толтырып айтарлықтай. Арнайы маманның, яғни патронаж мейірбикесінің үйге, отбасына барып қызмет көрсетуі – баланың ауырмай-сырқамай, жан-жақты дамуына, аман-есен өсіп, жетілуіне көп ықпалын тигізуде. Сондай-ақ, аталған модель әлеуметтік жағынан аз қор-

«ОЗЫҚ ПАТРОНАЖ ҮЛГІСІ»

сәбидің аман-есен өсіп-жетілуін қамтамасыз етеді



МАМАН ПІКІРІ

Үздік тәжірибе

Наталья КИМ,
«Әмбебап озық патронаж моделінің» республика бойынша үйлестірушісі:

Әмбебап озық үлгі еліміздегі аналар мен балалардың денсаулығын, әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Бұл модельдің жаңашылдығы сол – отбасылар мен балаларға толыққанды көмек көрсету үшін әртүрлі саланың, яғни денсаулық, білім беру және әлеуметтік саланың өкілдері бірігіп, кешенді қызмет көрсетеді. Үш сала күш біріктірген соң нәтиженің де оң болары сөзсіз. Мәселен, патронаж мейірбикесі ата-аналарға балаға дұрыс күтім көрсетуге қатысты нұсқаулар мен көмектер беріп қана қоймай, сәбидің дамуынан немесе денесінен қандай да бір сезікті жағдайды байқар болса, дереу дабыл қағып, келеңсіздіктің алдын алуға мұрындық болады. Жалпы, патронаж мейірбикелер әйелді жүктілігінен бастап, сәби бес жасқа толғанға дейін бала мен ананың қажеттіліктеріне жіті көңіл бөліп, сол отбасын бақылауда ұстап отырады.

ғалған және қоғамнан оқшау қалған кейбір отбасыларды денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғау жүйелеріне қатыстыруға да септігін тигізіп келеді.

Жуырда ЮНИСЕФ-тің Женевадағы аймақтық кеңесшісі Габриэль Фонтана және отандық үйлестірушілер Алматының №26 емханасы жанындағы әмбебап озық патронаж үлгісінің жұмысымен танысты. Бұл емхана былтыр мамандардың ұйғарымымен «Үздік тәжірибе орталығы» болып таңдалған болатын. Бүгінгі күні емханада 5 жасқа дейінгі 5914 бала медициналық көмек алады, 467 жүкті әйел есепте тұр.

Кездесу барысында емхананың бас дәрігері Айгүл Тұрысбекова балаларды дамыту кабинетін, ресурстық орталықты, жастар орталығын көрсетіп, психолог, әлеуметтанушы, медбикелердің жұмысымен таныстырды.

Ал өкілдер әмбебап озық үлгінің жұмысына қатысты сауалдарын қойды, оған емхана қызметкерлері жан-жақты жауап берді. Сондай-ақ, экскурсия аясында қонақтар кәсіби міндеттерін тиімді атқару мақсатында медицина қызметкерлері біліктілігін арттыратын оқу-симуляциялық орталықта болды.

МӘМС

ДЕНСАУЛЫҚТЫ АЯЛАҢЫЗ

Медсақтандыру арқылы көрсетілетін реабилитациялық көмек кімдерге қолжетімді?

Бүгінде денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған медициналық сауықтыру бағытына деген сұраныс жоғары. Қазіргі күні Алматы қаласында оңалту қызметін көрсететін 76 клиника Медициналық сақтандыру қорымен келісім-шарт бекіткен.

Осы және өзге де сұрақтарға №11 қалалық емхананың оңалту бөлімшесінің меңгерушісі Дамила Бердібаева жауап берді.

23.15 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
23.25 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
23.45 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Улыбка пересмешника» телесериал
11.20 «Бизнес по-казахски в Африке» Х/ф
13.20 «Алдараспан»
17.35 «Чужой ребенок» Индийское кино
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
23.30 «Семьянин» Х/ф
01.00 «Көру керек!» бағдарламасы



TALIM TV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Баба сөзі – есиет
11.00 Руханият
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.10 Сау болайық
13.30 Автопортрет
14.10 Фибратты ғұмырлар
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Бір дубль
17.10 Тэссаодағы тіршілік формуласы – 1-бөлім
17.50 Тэссаодағы тіршілік формуласы – 2-бөлім
18.35 «Бабалар сөзі – есиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
21.00 Сау болайық
21.20 YouTube Times
22.40 Сырласайық
22.55 Views



Дисней ұсынады. «МҰЗДЫ ӨЛКЕ 2» МУЛЬТФИЛЬМІ. «ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 12.00-де.


БАС МҮФТИ


ШАРАПАТЫ МОЛ ШАҒБАН

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ мұсылман қауымды қасиетті Шағбан айының келуімен құттықтады.

«Баршаңызды шарапаты мол Шағбан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Қасиетті Рамазан айының келгенін сүйіншілейтін Шағбанда әр шаңыраққа шаттық, бақыт пен береке тіелеймін. Алла Тағала осы айда жасайтын дұға-тілектерімізді, құлшылық-ғибадаттарымызды қабыл еткей! Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз үмбетіне Шағбан айы кіргенде тазаланып, ниетімізді дұрыстауды өсиет еткен. Алла елшісінің тағы бір хадис-шарифінде айтылғандай, Шағбан айында жасалған дұға кері қайтарылмайды. Ендеше, шарапаты мол Шағбан айында шынайы ниетпен халқымыздың амандығын сұрап, көп дұға жасайық», – деді Бас мүфти.

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ жамағатты Құран оқып, қиналған жандарға, науқастарға, қиындыққа тап болған мұсылмандарға Алладан жеңілдік, шипа тілеуге шақырды. «Құрметті жамағат! Ізгі ғұламалардың бірі «Ережеп – желге, Шағбан – бұлтқа, Рамазан – жаңбырға ұқсайды. Ережеп айында дән егілмесе, Шағбанда суарылмаса, Рамазанда қандай егін күтуге болады» деген. Осы айда ниетімізді түзеп, нәпіл ораза ұстап, мүмкіндігінше тазаланып, дұға жасап өзімізді қорғайық. Құран оқып, қиналған жандарға, науқастарға, қиындыққа тап болған мұсылмандарға Алладан жеңілдік, шипа тілейік. Өйткені, «Құран оқу – көңілдің шипасы» (хадис). Алла Тағала елімізге амандық, жерімізге тыныштық, халқымызға береке нәсіп еткей! Ел іргесін берік етіп, Шағбанның шарапатына бөленуді жазғай!

Раббым, Ережепті аман-есен аяқтадык, енді Шағбан айын да берекелі ете гөр! Бізді Рамазанға аман-есен жеткізе гөр! Әмин!», делінген Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы төрағасының құттықтауында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОРАЗАҒА ДАЙЫНДЫҚ АЙЫ

Биыл қасиетті Рамазан айы 23 наурызда басталады, демек оразаға тура бір ай уақыт қалды

Мұсылман жыл санауы бойынша 21 ақпаннан бастап Шағбан айы кірді. Шағбан мұсылмандардың түсінігінде мол жақсылықтың бастауы, халық арасында бұл айды «оразға дайындық айы» дейді. Шағбан айында мұсылмандар қандай игі амалдар жасауы қажет? ҚМДБ деректеріне сәйкес, Шағбан айының ерекшеліктері туралы негізгі деген мәліметтерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Шағбан – Исламдағы қасиетті үш айдың бірі. Шағбан айынан кейін кіретін Рамазан айында күллі мұсылманға ауыз бекітіп, ораза ұстау парыз етілген. Шағбанның бас талуы Ережеп айының бітуінен хабар беріп, Рамазанның жақындағанын сүйіншілейді. Шағбанның тағы бір мағынасы – өсіп-өну.

Шағбан арабтың «шин», «айн», «бә», «әлиф», «нун» деген бес әрпінен тұрады: шин – Алла Тағаланың шарапаты; айн – дәрежесінің көтерілуі; бә – Алланың жақсылығы; әлиф – Хаққа жақындау; нун – Алланың нұры.

Мұсылман қауымы Шағбан айында да ораза ұстайды. Осы айда ораза ұстаған адамға Алланың шарапаты жауады екен. Сондықтан бұл айды шарапаты мол Шағбан деп те атайды.

Шағбан айын нәліктен Рамазанға дайындық айы дегенге келсек, бұл айда мұсылмандар Рамазанды бос өткізіп алмаудың қамын жасайды. Қасиетті айда қандай игі істер жасау керек, ауыз бекіткенде нені ескеру керек? Осындай сұрақтарға алдын ала жауап іздеген адам Шағбанда оразаға рухани және физикалық дайындықты күшейте түседі.

Иманды күшейтетін уақыт

Ислам ғалымдары мен дінтанушылар Рамазан айына жоспар құрып, ораза уақытында қайда баратыныңызды, немен айналысатыныңызды нақтылап алған жөн екенін айтады. Шағбан айынан бастап өзіңіздің шамаңыз келетін қайырымды істердің тізімін жазып, оған қажет қаражат, дүние-мүліктегі түгендеуге мүмкіндік берілетін уақыт туды. Бес уақыт намазыңызды барынша мешітте, ең болмағанда жамағатпен өткізуді дағдыға айналдырыңыз. Шағбан – барынша ораза ұстап, құлшылық жасап, Құран Кәрім сүрелерін көп оқып, жаттайтын, мұқтаждарға садақа беретін ай.

Бұл айда денсаулыққа көңіл бөліп, иманды күшейтіп, ағзаның да иммунитетін барынша көтеріп алу керек. Мүмкіндік болса, дәрігерге көрініп, асқазан-ішек жолдарын тексеріп алған жөн. Биыл ораза көктемнің ортасында басталатындықтан авитаминоз, яғни ағзадағы витамин жетіспеушілігі жиі мазалайтын уақытқа дөп келіп тұр. Осы орайда ағзаңызға қажетті дәрумендерді, құнарлы тағамды уақытылы ішіп, ыңғайы келсе дүйсенбі мен бейсенбі күндері немесе аптасына кем дегенде бір күн ораза тұту абзал болмақ.

Рухани дайындықтың бастамасы – ораза жайлы нақты мәліметтерді білу, Құран Кәрім оқу, білмесе оны үйрену, салауат айтып, дұға оқу, ағайын-туыспен, отбасымен, достармен байланысты жақсарту тәсілі, ренжіскенмен татуласу. Сондай-ақ, жаман әдеттерді тастап, жақсы әдеттер үйренуге талпынған дұрыс.



Шағбан айында шамасы келген мұсылманға нәпіл (ерікті) ораза ұстау нәсіп. Қанша күн әрі қай күндері ораза ұстау керек екені жайында нақты айтылмағандықтан қанша күн ұстаймын десеңіз де, өз еркіңіз. Мәселен, дүйсенбі мен бейсенбі күндері ауыз бекітуге болады. Сондай-ақ, Шағбан айының 13, 14, 15 күндері ораза ұстаған дұрыс. Әсіресе, Шағбан айының 15-ші күні күндіз ораза ұстап (6 наурыз), түнін (Бараат түні, 7 наурыз) ғибадатпен өткізгеннің сауабы мол. Шағбанда қарыз оразаны да ұстауға болады. Рамазан айынан өтелмей қалған қаза оразаларды осы айда өтесе болады.

Алайда, Шағбан айының оразасын шамасы жеткендер ғана ұстағаны абзал. Шағбан айында үздіксіз ораза тұтып, Рамазан айындағы парыз оразаға шамасы келмей қалуынан сезіктенген адам болса, ол адамға Шағбан айында ораза тұтудың қажеті жоқ. Өйткені, Шағбан айындағы ерікті оразадан Рамазан айындағы парыз ораза маңызды. Рамазан айына екі-үш күн қалғанда ораза тұтпаған абзал.

Бараат түні

Шағбан айының 14-інен 15-іне қараған (6 наурыздан жетісіне қараған) түн – Бараат түні. Бұл түні құбыла Құдыс қаласындағы Ақса мешітінен Меккедегі қасиетті Қағбаға қарай өзгерген. Бараат түнін «күнәдан тазару және кешірім түні» деп те атайды. Ислам ғұламалары Бараат түнін Рамазан айындағы Қадір түнінен кейінгі ең ұлық түн деп есептеген. Бараатты бос жіберіп алмай, шама келгенше құлшылық етіп өткізу Рамазан айындағы мың айдан да қайырлы Қадір түніне дайындық іспеттес. Бараат

түнін дұрыс қарсы алу үшін бұл түнді ұйқысыз өткізген абзал.

Алайда, кімнің бұған шамасы жетпесе, ол адам осы түннің кез келген бөлігін құлшылыққа арнай алады. Бараат түні намаз оқыған, сәресіні ішкен адамға Рамазанның соңғы түндері жеңіл болмақ. Бұл түн – періштелер жер бетіне түсетін, дұғалар қабыл болатын, кері қайтарылмайтын берекелі түн. Сондықтан бұл түнде Пайғамбарға көп салауат, күнәлардың кешірілуін тілеп, дұға, ғибадат, құлшылықпен өткізген абзал. Бұл түні көп ғибадат жасап, күнә істерден арылып, тәубе еткен жөн.

Бараат түні қандай құлшылық жасауға болады?

Намаз – осы түнде атқарылатын ең абзал құлшылықтың бірі. Намаз ракағатының белгіленген саны жоқ, алайда ракағат саны сегізден кем болмауы тиіс. Намазда Құраннан ұзақ аяттар оқылғаны жақсы. Кімде-кім ұзақ сүрелерді есіне түсіре алмайтын болса, бір ракағатта қысқа бір сүрені бірнеше рет қайталауына да болады. Тиләуәт. Құран оқу – осы түні атқарылар пайдалы құлшылық түрі. Намаз оқып болған соң я болмаса басқа уақытта шамаңыз жеткенше Құран оқыңыз. Зікір. Пайғамбарға салауат айту. Сондай-ақ, зікірді жүріп бара жатқанда, төсекте жатып және де жұмыс уақытында немесе жұмыстан тыс уақытта да оқуға да болады. Дұға – бұл түні көп пайда әкелетін ғибадаттың бірі.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



● БАСПАНА

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

2023 жылы тұрғын үй бағдарламасына 20 млрд теңге бөлінеді

Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматылықтардың арасында әлеуметтік желі арқылы «Ең үлкен арманың не?» деген сұрақ қойып, сауалнама жүргізіп көрген едік. Нәтижесінде адамдардың ең көп тілейтіні, дұғасын жасап сұрайтыны – денсаулық, перзент, баспана екеніне көзіміз жетті. Алдыңғы екеуі, әрине, түсінікті, өйткені денсаулық пен перзент Жаратқанның қалауымен болатын нығмет. Ал баспанаға мұқтаждық – бұл халықтың әлеуметтік жағдайының бір көрінісі.

Алматыға арман қуып келіп, оқу оқып, жұмыс істеп жүрген жастар түгілі қалада біраз жыл өмір сүріп, отбасын құрып, бала тәрбиелеп отырған орта жастағы адамдардың өзі бала-шағасымен талай жыл пәтерден-пәтерге көшіп жүріп, бір баспанаға зорға жетеді. Жеткені жетеді, жете алмайтыны қаншама? Мегаполисте өмір қайнап жатады, жан-жақтан ағылушылар көп. Қалтасы қалың байлар да осында, бір айлықтан бір айлыққа әрең жететін немесе жалдамалы жұмыспен бір күндік табысына өмір сүретін күнкөрісі төмен жандар да осында. Табысы орташа қарапайым азаматтар депозитке жылдар бойы ақша жинап, бір үйге жетем дегенше бай-қуатты адамдар бірнеше үйді иемденіп алатыны да жасырын емес. Біреулер зәулім сарайлар салып алса, біреулер тірнектеп жүріп бастаған үйінің құрылысын немерелі болғанша жалғастыра береді.

Қазіргі жастар мен жас отбасылар пәтер жалдап, біреудің қалтасын қампайтқанша тапқан-тергенін банкке берсе де, өзінің жеке пәтері болғанын қалайды. Сондықтан еліміздегі екінші деңгейлі банктер арқылы ипотекаға үй алуға тырысып жүр. Бірақ өкінішке қарай, Қазақстандағы ең үлкен мәселе – баспана бағасының тым қымбаттығы және банктердегі проценттік көрсеткіш өте жоғары. Ал мемлекеттік тұрғын үй бағ-



дарламаларымен үй алуға жүздің бірі ғана ілінеді.

Шаршы метрдің бағасы қанша?

Қазіргі күні Алматыда жылжымайтын мүлік сатушылар үйдің шаршы метрін орта есеппен 594 мың теңгеге бағалауда. Алматыдағы пәтер бағасы басқа қалалармен салыстырғанда, жоғарырақ. Мәселен, Ақтауда пәтердің шаршы метрінің орташа бағасы – 294 мың теңге, Семейде – 349 мың теңге.

Алматының аудандары бойынша үй бағасын қарастыратын болсақ, ең арзан бір бөлмелі пәтерлер Наурызбай ауданында – 19, 5 млн теңге, яғни аудандағы пәтерлердің шаршы метрі шамамен 500 мың теңге. Ең арзан екі бөлмелі пәтерлер Түрксіб ауданында – 25 млн теңге, ең төменгі бағадағы үш бөлмелі пәтерлер де осы ауданда – 33,5 млн теңге. Шаршы метрдің бағасы орта есеппен 500 мың теңге.

Алматыдағы ең қымбат үйлер Медеу ауданында. Бұл ауданда бір бөлмелі пәтердің орташа бағасы – 26 млн теңге, екі бөлмелі пәтердің бағасы – 39 млн теңге, үш бөлмелі пәтердің бағасы – 53 млн. Шаршы метрдің орташа бағасы – 720 мың теңге. Айталық, Медеу ауданынан 80 шаршы метрлік пәтер

алу үшін қазақстандық азамат 15 жыл бойы әр ай сайын 312 мың теңгеден жинауы керек. Сондай-ақ, Бостандық ауданында (714,3 мың теңге), Алмалы ауданында (663,1 мың теңге) және Әуезов ауданында да (598 мың теңге) пәтерлердің шаршы метрінің бағасы айтарлықтай жоғары. Алайда, Алматыда пәтер бағасының жоғары болуына қарамастан әлі де сұраныс жоғары. Өткен жылдың соңында Қазақстан бойынша ипотекалық несиенің жалпы сомасы 46 пайызға өскен, жалпы сомасы 4,2 трлн теңге.

Сарапшылардың айтуынша, өткен жылғы ипотекалық несиелердің басым бөлігі мемлекеттік жеңілдетілген бағдарламалар арқылы рәсімделген. Бұған қолжетімді баспана аясын кеніту мақсатында қабылданған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының да әсері болуы мүмкін. Бұл – «Баспана Хит», «7-20-25», «Нұрлы жер», «Бақытты отбасы» және «Өз үйім» бағдарламалары. Мемлекет жылдан-жылға тұрғын үй бағдарламалы арқылы азаматтардың баспаналы болуына жағдай жасап, үй алу шарттарын жеңілдетуге, алғашқы салымның мөлшерін азайтуға, жылжымайтын мүлік бағасының көтерілмеуін бақылауда ұстауға тырысып келеді. Дегенмен, тұрғын үй бағасы доллармен емес, теңгеммен есептелетін болса да, доллардың курсы үй құнына жанама түрде әсер ететінін жоққа шығара алмаймыз.

● КЕРЕК ДЕРЕК

Биыл қандай өзгерістер енгізілді?

«Бақытты отбасымен» 2019 жылдан бері 7,7 мың адамға тұрғын үй несиесі берілген. ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр айтқандай, «Бақытты отбасы» тұрғын үй бағдарламасына 2023 жылы 20 млрд теңге бөлінеді.

«Бақытты отбасы» бағдарламасына 2023 жылы бірқатар өзгерістер енгізіледі. Атап айтқанда, жеңілдетілген несие беруге негізделген бағдарламаға көпбалалы отбасылардан бөлек, жетім балалар, I және II топ мүгедектігі барлар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар қатыса алады.

Сондай-ақ, бағдарламаға қатысуға үміткерлердің табысы туралы талап алынып тасталды. Бұрын үміткер отбасының әрбір мүшесінің табысы 115 905 теңгені құрауы тиіс болған. Үшінші және негізгі өзгерістердің бірі – қарыз сомасының шекті мөлшері жойылды.

Егер бұрын үміткердің тұрғылықты жеріне байланысты 10–15 млн теңге аралығында несие берілсе, енді несие сомасы пәтердің шаршы метрінің құнына қарай есептеледі: Астана мен Алматыда 290 мың теңгеден; Атырау, Маңғыстау облыстарында 240 мың теңгеден; Шымкент қаласы, Қостанай, Түркістан, Қарағанды, Ұлытау облыстарында 220 мың теңгеден аспауы тиіс.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұржан СӨКЕНҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:

Жеңілдіктерді ұтымды пайдалану қажет

Әкімдіктің тапсырысымен салынған үйлердің бағасы әлдеқайда төменірек

Мен үй кезегінде тұрғылықты жерім бойынша әкімдікте соңғы 3 жылдан бері кезекті тұрдым. Бірақ 7-8 жыл бойы депозитке ақша жинап келемін. Мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасы ретінде «Бақытты отбасы» бағдарламасының санатына кірдік.

Өткен жылдың қыркүйек айында бағдарламаға өтініш беру басталған кезде онлайн түрде Vaspara.kz сайты арқылы өтініш бердім. Пәтерлерді брондау басталған кезде 3 бөлмелі пәтерге бронь қойдым. Бірақ бірінші кезеңде өтпей қалдым. Осы жылдың қаңтар айында өтініш қабылдау тағы жалғасты. Бұл жолы да пәтерді брондадым. Мен тандаған пәтерді 109 адам брондаған екен, солардың ішінен мен өттім. Бронь қойылғаннан кейін 5 күн ішінде банк қызметкерлері хабарласты. Бірден банкке бардым, ол жерде табысымды растауым қажет болды. Соңғы 6 айдағы табысымды тексерді. Оншақты жылдан бері екі жерде тұрақты жалақыға жұмыс істеймін, зейнетақы қорына ай сайын қаржы аударылады. Сондықтан табысым расталды. Содан кейін Тұрғын үй басқармасы отбасымның мүшелерінің атында жылжымайтын мүлік бар-жоғын тексерді. «Бақытты отбасы» бағдарламасының категориясы бойынша ипотекалық несие рәсімдейтін болғандықтан бастапқы жарнаны төлеу үшін әкімдіктен ақшалай төлем ретінде 1 миллион теңгелік сертификатқа өтініш жаздым.

Өтінішім қабылданып, қаржы банктегі депозитіме аударылды. Бұл отбасым үшін үлкен жеңілдік болды. Банктен «Бақытты отбасы» бағдарламасымен үй алу үшін 15 млн теңге ипотекалық займ беріледі. Бұл қаржы 3 бөлмелі пәтерге жеткізгірмейтін болғандықтан өзім біраз жылдан бері жинаған қаржымды қостым. Әкімдіктің тапсырысымен салынған үйлердің бағасы әлдеқайда төменірек, Алматыдағы пәтерлердің шаршы метрі 240 мың теңге. Бұл да халыққа тиімді. Меніңше, мемлекет тарапынан берілген жеңілдіктерді ұтымды пайдалану қажет. Сондай-ақ, әр адам өз тарапынан да ізденгені абзал. Қанша аз мөлшерде жалақы алса да, бір бөлігін жинауға үйренгеніміз дұрыс деп ойлаймын.

● БОЛЖАМ

Биыл Қазақстанда тұрғын үй құрылысының қарқыны қандай болады? Қаржы жағынан тұрақсыз құрылыс компаниялары не істейді? Ал бастапқы және қайталама нарықтағы баға өсе ме? Сарапшылардың зерттеуінше, бұл жыл Қазақстанда тұрғын үй нарығындағы белсенділіктің төмендеуінен басталды.

Қаңтар айында жасалған мәмілелер саны желтоқсанмен салыстырғанда, 27,7%-ға төмендеген, яғни 24 294 операцияға дейін азайды. Статистика бюросының мәліметі бойынша, теріс динамика республикалық маңызы бар барлық облыстар мен



Құрылыс қарқыны қандай?

қалаларда тіркелген. Түркістан, Абай және Ақмола облыстарында пәтер сатып алу 40%-дан астам төмендеу орын алды. Астана, Алматы, Шымкент қалаларында мәмілелер саны бір айда 19–30%-ға азайды. 24 294 мәміленің 18 415-і пәтерлер бойынша, 5879-ы жеке үйлер бойынша жасалды.

Қазіргі таңда жеңілдетілген ипотека барлық ипотекалық несие берудің 95%-ын құрайды. Егер жеңілдетілген бағдарламалар саябырласа, тұрғын үй нарығы есепсіз, бастапқы тұрғын үй сатылымын 70%-ға төмендетуі мүмкін. Экономист Эльдар Шамсутдиновтың айтуынша, тұрғын үй құрылы-

сын қаржыландырудың 90%-ы сатып алушылардың қаражаты екенін ескерсек, тұрғын үй құрылысының болашағы аса жақсы емес.

Бұдан шығатын қорытынды, құрылыс компаниялары құрылысты азайтады, бұл бағаның өсуіне әкеледі; нарықтан қаржысы аз компаниялар кетеді; ірі холдингтер банкрот болуы мүмкін: қалғаны өз шарттарын баға бойынша белгілейді; көпкөтерлі үйлердің құрылысы тоқтағанда, қайталама нарықта ірі қалалардағы үй бағасы көтеріледі; жаңа ипотека шарттары оның сұранысына кепілдік береді.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлауға қатысты №20, 21 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлауға қатысты №20, 21 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округтер №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ, саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
20	Попенкова Елена Степановна	1960	«Seniority» ЖШС бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, орыс.
21	Мұлдахужаев Муратбек Уристович	1962	Уақытша жұмыссыз, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ.

2023 жылғы 17 ақпан.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан тұрғындары!

2023 жылы 3 наурызда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 28 мекенжайдағы «№90 мамандандырылған мектеп-лицей» КММ-де Алматы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алматы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі қалалық басқарма өкілдерінің жеке қабылдауын өткізеді.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің қызметкері Нұржамал Әлішеваға ағасы Оралбай ӘЛІШЕВТИҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАРЖЫ

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ

Шетелдердің тәжірибесіне жүгінсек, экономикасы дамыған елдердегі тәуелсіз бақылаудың жетекші нысаны аудитория екенін атап өтуге болады. Кез келген экономикалық формацияда мемлекеттік қаржыны басқарудың қолданыстағы жүйесіне объективті баға беретін және оның одан әрі тиімді жұмыс істеу бағыттарын анықтайтын институт қажет.

Біздің еліміздің экономикасын дамытудың осы кезеңінде қаржы ресурстарын басқару және оларды пайдалану саласында жаңа міндеттер қойылуда. Салық және бюджеттік жүйелердің жұмыс істеуіне жаңа тәсілдерді талап етеді. Осыған байланысты мемлекеттік аудит бағыттарына әсер ететін бюджеттік саясатқа заманауи тәсілдер әзірленуде.

Кез келген мемлекеттің қаржы жүйесінің табысты жұмыс істеуінің міндетті шарты оны басқарудың негізгі функциясы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау болып табылады. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі қоғамдық өмірдің барлық салаларында жұмыс жасауға байланысты. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды дамыту және жетілдіру қажеттілігі уақыт талаптарына объективті түрде негізделген. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды дамытудың стратегиялық бағыты бюджет қаражатының, мемлекет активтерінің қалыптасуына, қозғалысына және пайдаланылуына қаржылық бақылаудың Қазақстан үшін түбегейлі жаңа түрлері мен нысандарын енгізу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: осы Жолдауға сәйкес «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы №609 қаулысымен әзірленіп, бекітілді. Осы Тұжырымдамада мемлекеттік қаржылық бақылауды кезең-кезеңмен реформалауға және мемлекеттік аудитті енгізуге көзқарасы мен негізгі тәсілдері айқындалған оның функционалдық бағыттарын кеңейту. Тұжырымдаманың басым бағыттарын іске асыру барысында 2015 жылғы 12 қарашада «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң қабылданды. Бұл ретте Заң мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау

ұғымдарын нақты ажыратады. Мемлекеттік аудит – бұл анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар негізінде пәрменді ұсыныстар бере отырып, қаржылық мәселелерді ғана емес, сонымен бірге олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігін тұтас және тәуелсіз бағалау.

Халықаралық тәжірибеде мұндай рөлді мемлекеттік аудит атқарады.

Мемлекеттік аудит мынадай мұмкіндіктерді береді:

1) Қаржылық тәртіпті жақсартуға, мемлекеттік қаржы ресурстары мен мемлекет активтерін қоғамның мүддесі үшін басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға; 2) халықаралық аудит стандарттары мен ұлттық заңнамаға сәйкес сапалы бақылау жүргізу арқылы мемлекеттің экономикалық әлеуетін одан әрі арттыруға жәрдемдесуге міндетті.

Сонымен бірге, мемлекеттік аудиттің маңыздылығы оның экономикалық теріс қылықтар мен құқық бұзушылықтардың тиімді алдын алуға бағытталған. Қазіргі жағдайда мемлекеттік аудиттің маңызы өте зор. Бір жағынан, ол бюджетті уақытылы толықтыруды қамтамасыз етеді, экономикалық қылмыстармен құқық бұзушылықтармен күреседі. Екінші жағынан, бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді.

Мемлекеттік аудит орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жетілдіруге және арттыруға бағытталған. Ол құқық бұзушылықтарды анықтауға ден қоюға бағытталған. Мемлекеттік аудит тек белгілі бір сәйкессіздіктерді көрсетіп қана қоймай, мемлекеттік қаржы ресурстарын пайдалану мен басқарудың резервтері мен әлеуетін үлкен табыстылықпен, тиімділікпен анықтауы керек.

Мемлекеттік аудит Мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін тәуелсіз бағалау ретінде айқындалатын жалпы басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қаралады. Осыған байланысты мемлекеттік аудитті толыққанды енгізу бюджет қаражатын бақылау маңызды бағыттардың біріне айналады.

Айнұр ТОҚАЕВА,
Алматы қаласы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит департаменті
Сәйкестік аудиті бөлімінің басшысы.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«СҮРДІҢ АЙЫ»
сұр көрсетті

«Он бес күні Құдайдікі, он бес күні кедейдікі» деп аталатын наурыз айы осы.

Халық айтса, қалт айтпаған ғой. Бірдің айын (наурыз) «сүрдің айы» деген. Бұл ет сүрленетін ай екенін білдіргені.

Көкекті (сәуірді) «көк ішек» деп атаған. Көкекте көк шығып, малдың ішегі көгерді.

Мамырды «май ішек» деген. Мамырда малдың ішегіне май жүгіретінін меңзесе керек.

Әрбір ай мен амалға нақпа-нақ ат қойып, айдар таққан қазакеңнің кез келген пайымында үлкен парасат бар.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«Күштің айы» атанған үштің айының (ақпан) бітуіне бес күн қалды. Қылаулап, арагидік тыныстап қар жауып, оның ызғары бетті қарыды. Жұлдыздардың қимыл-әрекетіне қарағанда, Алматыда құлақ үситіндей үскірік болмайтын сынайлы. Ел «момын, тимесен тимейді» деп жүрген Барыс істерін істеп алып, құйрығын қайқайтып тарих қойнауына беттеп барады. Ал Қоян болса, «менің де күшімді көрсіндер әлі» дегендей тісін шықырлатып кезегін күтуде. Қыс тоқсаны (оңтүстікте тоқсан күнге созылады) наурыздың 13-14-іне шығатынын ескерсек, әлі де сақтанған абзал.

Қазекен «Үркерлі айдың – бәрі қыс» деп мақалдаса, сахалар «Үркер суықты шақырады» дейді, татар мен башқұрт болса, «Үркерлі ай – үскірік» деген. Осы орайда қыстың алты айға созылғандығы туралы мынадай бір аңызды оқырман назарына ұсынудың реті келген сияқты. Есте жоқ ескі заманда Үркер көктен түспей, күн жылымай, үнемі қыс болып тұрады екен. «Осыдан жерге бір түссе, сазайын береміз» деп хайуанаттардың бәрі Үркерге өшігіп жүреді. Бірде ондай да кез болыпты. Хайуанаттар жұлдыздарды таптап, өшіріп жатады. Алты жұлдыз сиырдың табанының астынан (ашасы арасынан) шығып, көкке ұшып кетеді. Алты ай қыс содан қалыпты деседі. Бірақ бұрынғыдай үнемі қыс болуын қойыпты...

Біз сөз етіп отырған аптаның соңына қарай Наурыз айы басталады. Қазақша жылдың басы – Жаңа жыл! «Әз-Наурыз», «Құс қанаты», «Наурыздың ақша қары», «Көк көже», «Аласапыран», «Бес қонақ», «Наурыз», «Әбдікей» сияқты толып жатқан амалы бар...

Наурыз айының алғашқы жартысында ауа райы аумалы-төкпелі, шаруаға жайсыз болып, екінші жартысында күн жылынып, қыстан қысылып шыққан кедейге кеңшілік болады. «Наурыздың он бес күні құдайдікі, он бес күні кедейдікі» деген тәмсілі осыған қарап айтылса керек.

Бір байқағанымыз, жұлдызшылар мен есепшілер Наурыз айы келгенде (көктем басталғанда) ылғи да пікір таластыратын болған. Себебі, жылдың алмасуы, түрлі

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ТАБИҒАТ
ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА
ҚАРАП ЖАСАЛҒАН
ЖОРАМАЛ

- * Қыс қарсыз болса, жаз қуаң болады. Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жер отты болады.
- * Дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі болады.
- * Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады.
- * Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болады.

амалдың қат-қабат келуі бір тоқтамға келуге мұрша бермеген. Ғалым Ағжан Машанов мысалға келтірген атакты әл-Фарабидің «Нау болса – дау болады» деген («Әл-Фараби», 1970 ж.) мәтелді сөзі бұл пікірімізге қуат бергендей. Нау – наурыздың басы, яғни көктемнің де, жылдың да басы.

Наурызды парсының «нау» – жаңа, «руз» – күн деген сөзінен шыққан, яғни «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді делініп жүр. Дегенмен, бұл айтылғанды түбегейлі пікір деп қарауға болмаса керек.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін ақпанның 23-і. Ай есебінше, наурыздың – 3-і. Ал қазақша, ақпан айының 11-і. Сөз етіп отырған аптамыз айдың басы мен ортасына және соңғы аптасына сәйкес келіп тұр. Бұл ауа райында болатын өзгерісті аңғартса керек. Алдағы аптада ауа райы тұрақсыз болатын сыңайлы: ашық күн де, жауын-шашын да көрініс беруі ғажап емес. Бірақ таңертең болмашы ызғар және түнге қарай айтарлықтай суық орын алады...

САЙЛАУШЫЛАР ҚАПЕРІНЕ!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ
МАҢЫЗДЫ!

2023 жылғы 19 наурыз – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауы

• Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі – Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

• Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды.

• Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

• Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

• 2023 жылғы 4 наурыздан бастап Сізге өз учаскеніздегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

• Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конс-



титациялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

• Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақытылы қабылдаңыз! Әркімнің дауысы маңызды!

(Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының үндеуінен).

СПОРТ

МЕДЕУ МҰЗ АЙДЫНЫ
ШАҚЫРАДЫ

Алматыда конькимен жүгіруден
ҚР Кубогы басталды



«Медеу» биік таулы мұз айдынында өтіп жатқан біріншілікке еліміздің жеті өңірінен және республикалық маңызы бар екі қаладан 110 спортшы қатысуда.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жарыстың ашылу салтанатына Алматы спорт ғимараттары дирекциясының директоры және Қазақстан конькимен жүгірушілер одағының даму жөніндегі директоры Елена Те, Қазақстан конькимен жүгірушілер одағының атқарушы директоры Олжас Бесбаев, 1998 жылғы Наганодағы XVIII қысқы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Людмила Прокашева және басқалар қатысты.

– Бүгін конькимен сырғанау өзінің әлемдік рекордтар ұстаханасына оралатын тарихи күн. Мәдениет және спорт министрлігінің, Алматы қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының,

атап айтқанда, Спорт ғимараттары дирекциясының қолдауымен осынау маңызды доданы ұйымдастыру мүмкіндігі туды. Барлық спортшыларға зор денсаулық, сәттілік, табысты мәре тілеймін. Бұл Кубок жарысы – біз барлық мүдделі ұйымдармен бірлесіп осы әдемі мұз айдынында өткізуді жоспарлап отырған ірі халықаралық жарыстарға дайындыққа жасалған нақты қадам, – деді Қазақстан конькимен жүгірушілер одағының атқарушы директоры Олжас Бесбаев өзінің құттықтау сөзінде.

500 метр қашықтықтағы жарыстың бірінші күнінің қорытындысы бойынша әйелдер арасында бірінші болып қызыл-жарлық Инесса Шумекова, ерлер арасында астаналық Алтай Жардембекұлы жеңімпаз атанды. 1500 метр қашықтықта әйелдер арасында Рудный қаласының тұрғыны Дина Шевкунова, ерлер арасында алматылық Михаил Глушенко жеңіске жетті.

Алғашқы екі күнде ҚР Кубогының финалдық кезеңі өтті, ал 23 және 24 ақпанда командалық жарыс бастау алады.

Жарыс күндері «Медеу» мұз айдынына кіру тегін, ұйымдастырушылар болашақ чемпиондарды қолдағысы келетіндердің барлығын Медеуге шақырады.